

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**«XXII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«XXII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 2**

**ПАВЛОДАР  
2022**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
Ж66

**Редакция алқасының бас редакторы:**

**Садықов Е. Т.**, э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор

**Жауапты редактор:**

**Ержанов Н. Т.**, б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары

**Редакция алқасының мүшелері:**

Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексеитов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П., Колесников Ю. Ю., Муқанов Р. Б., Табулдинов Б. К.

**Жауапты хатшылар:**

Абетанов Д. Н., Адильбаева Д. С., Атейхан Б., Байтемирова А. К., Бақпаева А. К., Габдулов А. У., Джусупова Э. М., Дубовицкая О. Б., Еликпаев С. Т., Дәуіт Ж., Жания К., Жумабекова Д. К., Жуманбаева Р. О., Жусупбаева Д. А., Зарипов Р. Ю., Зейтова Ш. С., Илеубаева Д. С., Исакаова Д. А., Исакаова З. С., Кайдарова Г. Ш., Каменов А. А., Капенова М. М., Кириченко Л. Н., Кривец О. А., Куанышева Р. С., Мажитова А. Е., Нұрмәди С. С., Ордабаева Ж. Е., Поломарчук Б. В., Рахимов М. И., Садықов Н. С., Саменова Ж. К., Сапабеков Д. К., Сарбасов А. К., Сламбекова М. К., Суентаева З. Т., Таничев К. С., Токтарбекова А. Б., Толокольникова Н. И., Шабамбаева А. Г., Шаймерденова А. К.

**Ж66** «XXII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2022.

ISBN 978-601-345-262-3 (жалпы)  
Т. 2 «Оқушылар». – 2022. – 272 б.  
ISBN 978-601-345-260-9

«XXII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясы (12 сәуір 2022 жыл) жинағында келесі ғылыми бағыттар бойынша ұсынылған мақалалар енгізілген: Энергетика, Компьютерлік және физика-математикалық ғылымдары, Ауыл шаруашылығы және АӨК, Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық, Заманауи инженерлік инновациялар мен технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары, Техникалық және кәсіптік білім беру.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-260-9 (Т. 2)  
ISBN 978-601-345-262-3 (жалпы)

© Торайғыров университеті, 2022

6 секция. Жаратылыстану ғылымдары  
6 секция. Естественные науки

6.1 Биологияның өзекті мәселелері  
6.1 Актуальные проблемы биологии

**ПОЛИМОРФИЗМ ОКРАСКИ СИЗОГО ГОЛУБЯ  
(COLUMBA LIVIA) НА ТЕРРИТОРИИ Г. ПАВЛОДАР**

ДЖАРТЫБАЕВА Д. К.

ученик 8 класса, Школа-лицей № 8 для одаренных детей, г. Павлодар

АБИКЕНОВА А. К.

магистр биологических наук, учитель биологии,  
Школа-лицей № 8 для одаренных детей, г. Павлодар

Сизый голубь (*Columba livia* J. F. Gmelin, 1789) является объектом изучения полиморфизма окраски оперения и особенностей его проявления в урбанизированной среде. С одной стороны, разнообразие фенотипов голубей довольно велико, но существует классификация, предложенной А. С. Ксенц [1]: сизые, черные (меланисты), черно-чеканные, коричневые и белые. К абберрантам принято относить особей, в окраске которых присутствует не типичный для голубей цвет. В настоящее время имеется достаточно работ по изучению полиморфизма голубей зарубежом [2; 3; 4; 5]. Однако, на территории Казахстана полиморфизм голубей недостаточно изучен. В связи с этим, целью данной работы было оценить окрасочный полиморфизм синантропных сизых голубей на территории г. Павлодар (Северный Казахстан).

Материалом исследования послужили популяции синантропного сизого голубя (*Columba livia*) семейства Голубиные (Columbidae). Сбор материала проводили с февраля по март 2022 г. Исследования проводили на территории города Павлодар, где было обнаружено их массовое скопление. Среди таких территорий мы выделены парк Афганцев, микрорайон Усолка, ул. Астана, ул. Машхур-Жусупа, ул. Естая, ул. Сатпаева и ул. Павлова (рис.1). Всего были описаны 561 особей (г. Павлодар -519 особей). Также был проведен сравнительный анализ. В качестве фоновой площадки был выбран г. Дубай (ОАЭ, улица Al seef) (42 особи). Учет птиц проводили маршрутным и точечным методом в дневное время (с 10 до 16.00, т.е. в период наибольшей суточной активности голубей). Регистрировались все встреченные голуби, сидящие на различных

объектах и на земле. Учет производился только в благоприятных погодных условиях. Окраска регистрировалась визуально. Для получения корректных результатов особи были сфотографированы.

Для удобства расчетов и достоверности результатов синантропные голуби по признаку окраски оперения подразделялись на 4 группы: черно-чеканные особи с пестрым оперением, сизые, для которых характерна сизая окраска с двумя черными поясами поперек крыла, меланисты, имеющие почти полностью черное оперение и абберранты, обладающие необычным и относительно редкими окрасками (красной и коричневой, пегой морф и особи с очень редко встречающимися вариантами окраски) (рис.2). Статистическая обработка материалов проводилась с использованием пакета прикладных программ Microsoft Excel 2007.





Рисунок 1 – Схема расположения исследуемых площадок на территории г. Павлодар



Примечание: А – Коричневый; В – Сизая окраса (исходная форма); С – Пегий; D – Черно-чеканный; E – Меланист (исходная форма).

Рисунок 2 – Разновидности окраса голубей на территории г. Павлодар (фото автора)

Каждая исследуемая территория имела свои особенности. Большие скопления голубей можно было встретить на площадках, вокруг которых имеются супермаркеты. Птиц днем постоянно подкармливают жители домов, поэтому голуби довольно дружелюбны по отношению к человеку. Также их можно было встретить там, где имеются мусорные контейнеры. В результате наблюдений за территориями были выявлены преобладающие типы окраса голубей (рис. 3): сизые (от 42–54 %) (mean = 50) и черно-чеканные (13.3–27.4 %) (mean = 20) и меланисты (от 10–25 %) (mean = 16). Абберранты, которые имели окрасы, не типичные для окраса голубей (коричневые, белые, пегие и прочее) имели

незначительные показатели по отдельности. Однако в совокупности их было больше в некоторых выборках (парк Афганцев, 19 %). За весь период показатели абберрантов варьировали от 8.1 % до 21 % (mean=14) (рис. 3).




Рисунок 3 – Частота встречаемости разных типов окраса голубей в % на исследуемых территориях (ул. Астана – 148 особей, мкр. Усолка – 62 особей, ул. Машхур-Жусупа – 30 особей, ул. Естая – 62 особей, парк Афганцев – 111 особей, ул. Сатпаева – 20 особей, ул. Павлова – 87 особей)

Самой преобладающей морфой оказалась сизая окраска оперения. Практически в равных количествах преобладают черно-чеканные, меланистические и абберрантные типы окраса голубей (рис.3).

Аналогичные результаты были получены при изучении полиморфизма голубей в г. Дубай. Сизая морфа, как исходная форма, составила 66 %. Все остальные морфы – абберрантные и черно-чеканные составили 24.3 % и 10 % соответственно. Голуби с меланистическим окрасом оперения в нашей выборке не были обнаружены (рис.4). Причиной наличия черно-чеканных и меланистических типов окраса может быть антропогенное воздействие, вызванное близким расположением заводов, большим скоплением автотранспорта. Наличие абберрантного типа окраса в выборках говорит о скрещивании голубей с породистыми голубями, а также о возможных мутациях, которые произошли на этапе эмбрионального развития.




Рисунок 4 – Частота встречаемости различных типов окраса голубей на территории г. Дубай (N=41 особей) (Al seef street)

Таким образом, сравнивая полученные результаты следует отметить, что на территории г. Павлодар и г. Дубай основные тенденции в распространенности окрасочных форм сохранились. В нашем случае обращает на себя внимание высокие показатели сизой морфы (рис. 3; 4), в то же время почти в равных пропорциях количество черно-чеканной морфы, меланистов и абберрантов (рис.3). Как известно, сизый голубь реагирует на различные изменения окружающей среды, он может быть использован в качестве биоиндикатора состояния городской среды. На сегодняшний день вопрос об использовании данного вида в качестве биоиндикатора остается открытым и требует проведения многочисленных исследований. Хотя полезные возможности такого использования вполне очевидны.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ксенц А.С. Структура полиморфных синантропных популяций сизого голубя и вопросы его эстетико-хозяйственного значения: автореф. дисс ... канд. биол. наук.- Томск, 1982. – 24с.
- 2 Обухова, Н. Ю. (2007). Полиморфизм и феногеография сизых голубей Европы. Генетика, 43(5), С.609-619.
- 3 Салимов, Р. М. (2006). Полиморфизм окраски городских сизых голубей на Урале и в Приуралье. ББК 28.081 Э 40. – с.211.
- 4 Хандогий, И. М., Кулеш, В. Ф., & Хандогий, Д. А. (2017). Эколого-биологические адаптации синантропного сизого голубя (*Columba livia* L.) в г. Минске – с.332.



5 Алтапова, Ю. Н., & Яковлева, Т. И. (2017). Полиморфизм окраски и особенности питания синантропных сизых голубей города Уфы. In Инновационные процессы в научной среде – С. 6–10.

## ВИДОВОЕ РАЗНООБРАЗИЕ БЕРЕЗОВЫХ НАСАЖДЕНИЙ Г. ПАВЛОДАР

ЖАНАБИЛОВ А. Т.

ученик, Школа-лицей № 8 для одаренных детей, г. Павлодар

АБИКЕНОВА А. К.

магистр биологических наук, учитель биологии,  
Школа-лицей №8 для одаренных детей, г. Павлодар

В г. Павлодар озеленением стали заниматься недавно. Довоенный период не отличается большим разнообразием городских насаждений. После окончания войны в Павлодаре началось строительство домов, появились новые улицы, парки, а вместе с ними возникла необходимость в их озеленении. Производился обмен посадочным материалом с ближайшими соседями, а также с регионами европейской части страны. Среди тех видов берез, которые укрепили свое доминирующее положение в городских посадках были береза повислая [1]. Как известно, в практике разведение берез для целей озеленения города, как и в лесном хозяйстве, выращивание посадочного материала ведется без учета видовой принадлежности и экологической специфики видов. В результате, в городских посадках береза повислая и береза пушистая могут расти совместно, образуя гибридные формы, сочетающие признаки этих двух видов. Гибридные формы более адаптированы к суровым климатическим условиям нашего города [2; 3]. На сегодняшний день видовая принадлежность берез недостаточно изучена.

В связи с этим, целью нашего исследования – анализ видовой структуры березовых насаждений г. Павлодар. Для достижения поставленной цели были установлены следующие задачи:

- Проанализировать литературные источники по видовому составу берез в Казахстане и на сопредельных территориях;
- Изучить морфологические особенности кроны и коры берез;
- Установить видовой статус берез по их кроне и коре на территории г. Павлодар;
- Определить преобладающие формы берез в городских насаждениях.

Материал и методы исследования

Материалом в наших исследованиях служили березы, произрастающие на территории 12 парков и скверов г. Павлодар (рис.1), находящиеся на отдаленном расстоянии от автострады и вблизи: Усольский микрорайон, Набережная, Парк металлургов, Сквер им. Камзина, Парк Афганцев, Сквер им. М. Жусупа, Парк Ленина, Сквер Театральный, Парк Васильева, Парк Гагарина, ГДК, Парк Победы. Всего было отобрано 74 образца берез. Среди которых были береза пушистая, береза повислая, гибридные формы. Сбор материала проводился методом фотографирования общей формы кроны и коры с описанием морфологии в полевом дневнике. Проведен сравнительный анализ изученных пробных площадок.




Рисунок 1 – Исследуемые территории в г. Павлодар

В результате анализа полученных образцов было установлено, что на территории г. Павлодар встречаются береза повислая, береза пушистая *Betula pubescens*, гибридные формы (рис.3). Береза повислая имеет характерную крону с висячими ветвями. Береза пушистая, как правило, имеет ветви, отходящие под более острым углом. Гибридные формы сочетают в себе признаки этих двух видов.

Анализ данных показал, что в нашей выборке количество березы повислой преобладает и составляет 58 %. Береза пушистая наименее встречаемый вид (7 %). Гибридные формы составили 39 %. Процент гибридных форм выше, чем процент встречаемости берез пушистых. Они достаточно лучше приспособлены к нашим суровым условиям: к засухе и к холоду.

Помимо анализа их кроны, также нами были изучены их формы коры. У березы пушистой чаще встречаются следующие формы коры: белокорая, шероховатокорая, серотрещиноватая, волнистокорая. Однако в нашей выборке встречалась одна форма коры березы пушистой – белокорая. Остальные формы коры березы пушистой не были обнаружены. У березы повислой встречались все формы коры: гладkokорая, грубокорая, ромбовиднотрещиноватая (рис.2). Судя по морфологическим характеристикам, белокорая и гладkokорая формы коры берез очень похожи: стволы до основания покрыты белой берестой с хорошо заметными темными чечевичками. У березы пушистой стволы часто искривленные, а повислой – стройные.

Анализ показал три преобладающие формы коры берез. Это гладkokорая (белая береста с хорошо выраженными чечевичками), ромбовиднотрещиноватая (трещины в виде ромбов), грубокорая (вертикальные сильные трещины). Наиболее встречаемая форма коры у березы повислой – грубокорая (29.1%). Ромбовиднотрещиноватая и гладkokорая формы коры составили 16.6% и 12.5% соответственно. У берез-гибридов грубокорая форма составила 18.05%, а остальные формы коры имели незначительные показатели (ромбовиднотрещиноватая – 8.3%, гладkokорая – 4.16%, белокорая – 1.3). У наименее встречаемого вида у березы пушистой белокорая форма коры составила 6.9% (рис. 4;5).



Рисунок 2 – Видовое разнообразие коры берез (слева – направо: 1 – грубокорая; 2 – ромбовиднотрещиноватая; 3 – гладkokорая) (фото автора)




Рисунок 3 – Процентное соотношение видов берез на территории г. Павлодар




Рисунок 4 – Частота встречаемости формы коры у березы повислой на территории г. Павлодар




Рисунок 5 – Частота встречаемости формы коры у березы-гибридов на территории г. Павлодар

#### Заключение

1 Было установлено, что на территории Павлодара произрастают два вида берез: береза пушистая и береза повислая. Данные виды могут скрещиваться между собой и образовывать гибридные формы;

2 Выявлено, что частота встречаемости берез повислой (58 %) и гибридных форм (39 %) выше, чем берез пушистых (7 %).

3 У березы повислой и гибридных форм наиболее часто встречаемая форма коры – грубокожая (29 %; 18,05 % соответственно), наименее – ромбовиднотрещиноватая – 17 % (у повислой), гладкокожая (12.5 % у повислой), гладкокожая (у гибридов – 4,16 %) и белокожая форма (у гибридов – 1,3 %). У березы пушистой обнаружена всего одна форма коры: белокожая (6,9 %).

4 Данные исследования по изучению видового разнообразия берез могут быть полезны при изучении систематики, а также популяционной генетики берез.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Бейсекеева, А. К., & Касанова, Ж. Б. (2020). озеленение города павлодара-исторический очерк и основные проблемы.// Аграрная наука-сельскому хозяйству .№5. –2020. С. 153-155.

2 Мамаев С.А. Формы внутривидовой изменчивости древесных растений. М. «Наука», 1972. – 105с.

3 Махнев А.К. О внутривидовой и географической изменчивости и морфогенезе листьев *Betula verrucosa* Ehrh. и *Betula pubescens* Ehrh на Среднем Урале. Тр. Ин-та экологии растений и животных. УФАН, вып. 64. Свердловск, 1969. – 86с.

4 Данченко А.М. Береза. – Алма-Ата: Кайнар, 1982. – 72с.

#### ГЛОКСИНИЯ. ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕДЕЛДЕТІП ӨСІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КЕНЖЕБАЕВА А. К.

химия-биология пәнінің мұғалімі,

№ 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

КАИРГЕЛЬДИНОВА К.

9 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Глоксиния – гүлі «граммофон» немесе «қоңырау» тәрізді болып келетін, түйнек тамырлы көлемі шағын өсімдік. Гүлінің күлте жапырақшалары қарапайым қоңырау пішінді және розатипті күрделі болып келеді. Көлемі мен түстері сан алуан түрлі, әдемілігімен өте тартымды. Бір көргеннен баурап алатын глоксиния өсімдігі күтіп – баптау жағдайына байланысты жыл он екі ай гүлдеп тұратын бөлме өсімдігі. Кез келген бөлмені, офисті, балқонның ішін, терезе жақтауларын көріктендіруге таптырмайтын көркемдік



әлем. Мерекелік кештерде, әр-түрлі іс-шарада сыйлыққа ұсынуға тұрарлықтай әдемі гүл. 1-сурет.



Сурет 1 – Гүлдеп тұрған глоксиния

Қазіргі таңда глоксиния гүл өсірушілер назарынан қалыс қалып қойғандай, гүл сатылатын дүкендер мен базар сөрелерінен жиі кездесе бермейтін жағдаяттар туындап отыр. Мұның себептері әр түрлі болуы мүмкін, солардың ішіндегі ең бастыларының бірі – өсіру мен көбейтудің тым ұзақ уақыт алуына да байланысты болуы. Одан өзге кез келген бөлме өсімдіктері сияқты глоксинияның да өзіне тән ерекшеліктері бар.

Үй жағдайында глоксиния өсімдігін өсіру үшін: топырақ, жарық, суару мәселелері дұрыс шешілуі керек. Сонымен қатар гүлдің қандай ыдыста отырғызылғаны да маңызды. Жоғарыда айтылғандай түйнек тамырлы өсімдік болғандықтан ыдысы тым үлкен болса, онда тек жасыл массасы өсіп, ұзақ уақыт гүлдемейді. Гүл ыдысы тамыр түйнегінен 6-7 см. ғана кең болуы шарт [1].

Топырағына жеңіл торф, вермикулит, перлиттен және комплексті тыңайтқыш қосылуы керек. Суару режимін дұрыс ұйымдастыруда судың көлемін үнемі реттеп отырмаса артық су тамырдың шіріп кету қаупін тудырады. Глоксиния өсімдігі ұзақ уақыт шөлге шыдайтын ерекшелігі бар. Суару үстіңгі немесе астыңғы болуы мүмкін. Гүлдеп тұрғанда суды жағдайға байланысты

күн аралатып, аз – аздап, он күнде бір рет тыңайтқыш ерітіндісімен араластырып құю керек. Күзге қарай және гүлдеп болғаннан соң «тыныштық кезеңіне» даярлыққа өту кезінде суаруды мүлдем азайту келесі гүлденудің жоғары деңгейде өтуіне жол ашады. Ал егер су тым суық және тым көп болса алдымен жапырақтарында дақтар пайда бола бастайды, гүлдің бүрі ашылмай жатып түсіп, жапырақтары сола бастағанын байқауға болады. Мұндай жағдайда гүлді ыдыстан босатып, тамырын тексеріп, шірімеген жағдайда 30 минуттай ауада кептіріп барып жаңа топыраққа отырғызып, бір күннен кейін мөлшермен ғана суарады. 2-сурет.



Сурет 2 – Артық мөлшерде құйылған судан кейінгі глоксиния жапырақтары

Глоксиния жарық сүйгіш бөлме өсімдіктерінің қатарына жатады. Бірақ тікелей түскен күн сәулесінен жапырақтары күйік алып, өсімдіктің өсуі тежеледі. Қыс мезгілінде қосымша жарықтандыру – гүл бүршігінің көптеп шығуының бір маңызды факторы [1].

Барлық гүлді өсімдіктерге ұқсас глоксинияны да тұқымнан, өскіннен, жапырақтан, жапырақ фрагментінен, гүл тағанынан, тамырын бөлу арқылы көбейтуге, өсіруге болады. Осы аталған әдістердің бәрінде үй жағдайында қолдануға болады. Дегенменде гүлді тез, жеделдетіп өсірудің бірнеше құпиясын меңгерген жөн. Атап айтқанда 16 сағаттық жарықтандыру, жиі-жиі пикировка

жасау, 20-25 градус жылыжай жасау сияқты әдістерді басты назарда ұстау. Одан өзге тұқымды себу уақыты мен мезгілі де өсу уақытына әсері өте зор. Мысалы ай фазаларына қарай себу. Қалыпты жағдайда себілген тұқым 2 аптадан бастап 2,5 ай аралығында көктеп шығады, одан ересек гүлді өсімдікке айналу үшін 7-9 айдай уақыт кетеді.

Тұқымнан жеделдетіп гүл өсіру алгоритмі:

1 Дайындалған топыраққа тұқымды бетіне ғана себу. Топырақ құрамы жеңіл қарашірікті болған жөн. Себебі гүл тұқымы өте ұсақ топыраққа көмілсе, көктеп шықпай қалуы мүмкін;

2 Ай фазасына байланысты ай толуға 3-4 күн қалғанда себу. Дәл осындай уақытта себілген тұқым 3-5 күнде көктеп шығады. Тез көктеп шыққан өскін ересек өсімдік алудың бір шарты;

3 Себілген тұқымның бетіне жылы су бүрку және 16 сағаттық жарықтандыру, бетін полиэтилен пакетпен тұмшалап жауып жылыжай эффектін тудыру. Жылыжай эффектін тұқымды кеуіп қалудан сақтайды ал жарық тұқымның тез көктеуіне жол ашады; 3-сурет.



Сурет 3 – Қолдан жарықтандыру мен жылыжай эффектін тудыру үрдісінің көрінісі

4 Көктеп шыққаннан кейін 14 күн өткенде, аралығын 10 күн интервалмен 5 рет пикировка жасау. Пикировка жасауды еш кешіктірмеу өскіннің жедел дамуына себепші;

5 Алғашқы 5 пикировкадан соң тұрақты гүл сауытқа отырғызу кезінде топыраққа «basacote plus geo» тыңайтқышының 7-8 түйірін салу. Тыңайтқыш көмегімен ересек өсімдік мықты болып дамиды; 4-сурет.



Сурет 4 – Пикировка – жеделдетіп өсірудің басты шарты

6 Тұрақты гүл сауытта 7 күн өткен соң 1 литр суға 1г калий монофосфатын ерітіп үстіне 0,25г янтарь қышқылын қосып жақсылап араластырып, жас өскіндерді суару. Калий монофосфаты мен янтарь қышқылы қосылған ерітінді тамыр жүйесінің жақсы дамуына жол ашады, иммунитет көтереді;

7 Гүл бүршіктері пайда болғаннан бастап, әр бір 10 күнде бір рет «fertika люкс» тыңайтқышын 1л суға 1г ерітіп суару. Аталған тыңайтқыш гүл бүршігінің бос болмауын және жақсы гүлдеуіне әсер етеді [2].

8 Глоксиния көлемінің ұлғаюына байланысты тар ыдыстан көлемі сәл үлкендеу ыдысқа және төменгі топырағын үнемі жанартып отырғанды ұнатады. Осы аталған әдіс тез гүлдеуіне оң әсер ететіні анық.

Осындай алгоритммен егілген тұқымнан 2,5-3 ай аралығында ересек гүлдеп тұрған глоксинияны өсіру - жеделдетіп өсірудің ең таңдаулы және сан мәрте тексерілген жолы. Глоксинияны тұқымнан өсіру жаңа сорттарын алу жолындағы ең арзанда тиімді әдіс. Келесі бір жеделдетіп өсіру ерекшеліктерінің бірі ол тамырдан шыққан қосалқы өскіндерден өсіру. Бұл әдіс арқылы ересек

глоксинияны 1,5-2 ай көлемінде өсіруге болады. Негізі глоксиния өсімдігі вегетативті жолмен көбейту кезінде өзінің сортын таза сақтайтыны анықталған бөлме өсімдігі. Сондықтан бір немесе бірнеше глоксиния болса одан биоматериал алу оны жеделдетіп өсіру ешқандайда қиындық тудырмайды. Ол үшін төмендегідей ескеретін жайттарға тоқтала кету маңызды:

1 Биоматериал алатын глоксинияның түйнек тамырын «тыныштыққа» жіберу алдында бұрынғы ескі ыдысындағы топырағын ауыстырып, құнарлылығы мол гүлді өсімдіктерге арналған жаңа топыраққа отырғызып, жақсылап 1 апта суарып, одан кейін суаруды азайтып, өсімдіктің жер бетіндегі бөлігі мүлдем қурап қалғанша суды тек бүркіп қана күтім жасау керек. Сол кезде түйнек тамыр топырақ астында үлкейіп өсіп, бүкіл қоректік заттарды оң бойына жинап күш алып, көп өскін беру бағынында дами бастайды [3].

2 Одан кейін гүл сауытты 2 апта қараңғы салқын жерде ұстап, қайта жарық жерге шығарғанда тамырдан өскіндер қаулап өсе бастайды.

3 Ол өскіндерді 5-6см болғанда ауызы жабылатын полиэтилен пакеттегі торфқа егу арқылы тамырландырып, 1 айдан соң тиісті тұрақты орынға егеді.

Қорыта келе глоксиния өсімдігін жоғарыда аталған әдістермен жеделдетіп, тез көбетуге болады. Жалпы глоксиния гиснер тұқымдасына жататын гүлдердің ішіндегі ең өсімтал, оңайлықпен өліп қалмайтын, ауыруларға және зиянкестер шабуылына төзімді өсіруге тұрарлықтай әсем бөлме өсімдігі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Р. Әлімқұлова, Р. Сәтімбеков Қызықты биология. Өсімдіктер әлемі. Жүйелік топтары. – Алматы 2011. – 5-8 б.
- 2 Қазақ тіліне аударған Д. Алипбаева. Өсімдіктер әлемі. Энциклопедия – Астана: «Фолиант» баспасы, 2014. 42 б.
- 3 Флеминг А. Комнатные растения. – Астрель. Москва 2005. – 10-17 б, 18-27 б, 52-69 б.

## ШАЙДЫҢ ӘР ТҮРЛІ СОРТТАРЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

СМАГУЛОВА Г. К., КУРМАНБАЕВА Ж. К.  
химия және география пәнінің мұғалімдері,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
АМЕРГАЛИЕВА Ж., ЖИЕНБАЕВА А.  
10 сынып оқушылары, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
№ 47 ЖОББМ, Семей қ.

Шай-тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар туысының бір түрі, өзі аттас тұқымдасқа жататын өсімдік туысы. Осы өсімдік жапырағын дайыналатын және сусын ретінде пайдаланатын өнім де шай деп аталады. Шай қазақтарда тамақтану мәдениетінде өзіндік орынға ие болды. 19 ғасырдың ортасына дейін шайды негізінен ауқатты қазақтар ішкен. 19 ғасырдың екінші жартысында шайды қазақ қоғамының барлығы пайдаланды. Шайдың жабайы өсетін 2 түрі тараған: - Қытай Шайы [екі түр тармағы (қытай және жапон) бар] Оңтүстік шығыс Азияның таулы аймақтарында өсетін, биіктігі 3 м бұта. – Ассам Шайы [бірнеше түр тармағы (ассам, лушан, нага, хилл, манипурий, бирма, шан, юань, т.б) бар] Үндістанның Ассам ормандарында өсетін, биіктігі 10–15 м ағаш.

Қазақ – шайқор халық. Ата-әжелеріміздің баяғыда «Шай ішсең, көңілің жай» деп мақалдайтыны тегін емес. Мұның сыры неде десек, шайдың адам ағзасы үшін пайдасы мен емдік қасиеті аз емес көрінеді. Шай-адамдар қолданатын ежелгі сусындардың бірі. Бірақ біз шайды сонау ерте заманнан бері ішіп келе жатсақта, бұл сусын туралы тым қарапайым нәрсенің өзін, мысалға, оны қалай дұрыс демдеуді де біле бермейміз. Бұл онша жеңіл-желпі қарайтын мәселе емес. Шөлді басатын сусын десе, біреуері. шай дастарханда бас қосу белгісі деп есептейді. Шайдың өзінің ерекше бір тарихы бар. Шай ішу дәстүрі ежелгі Қытай елінен бастау алады. Аңыз бойынша желмен ұшып келген бірнеше шай жапырағы қытай императоры үшін дайындалып жатқан ыдыстағы қайнаған суға түсіп кетеді (б.з.д. VI ғасыр). Сусын өзінің дәмімен және қош иісімен билеушіні қатты қызықтырады. Сол күннен бастап ол өзінің қол астындағыларға шай демдеп, оны ішуді бұйырады. Ал Ресейге шай 1638 жылы келіпті. Орыс елшісі Стариков Мәскеу патшасына Монғол ханның сыйлыққа берген шайын әкеліп береді. Алғашқыда патша бұндай сыйлыққа қатты ашуланыпты. Бірақ кейін жаңа сусын патшаның көңілінен шығады. Шай Жапонияға XII ғасырда Қытайдан келіпті. Шай-мәңгі жасыл шай өсімдігінің



арнайы өңделген жапырағы, сондай-ақ осы жапырақтан әзірленген сусын. Шайдың өзіне тән хош иісі, тіл үйіретін дәмі, шөл қандырып, сергітетін әсері бар. Жас жапырақшалар қытайша «тшайей» дегенді білдіреді. Осыдан «шай» атауы шыққан. Байха шайы да қытайша «бай-хоа» аударғанда «ақ кірпікшелер» дегенді білдіреді. Шынында да шай жапырақшаларының бір беті ақ кірпікшелерге ұқсас жіңішке күміс талшықтармен қапталған. Қазіргі уақытта байха сөзі үгітілген денеге мағынаны білдіреді.

Алдымен Қытай шай өндірушілерден жалғыз ел болғандықтан, оның құпиялары мықты қорғалған. Дегенмен, бір ағылшындық шай тұқымын ұрлап қана қоймай, оны өңдеудің күрделі жолын да біліп алған. Осының арқасында европалықтар шайды өз мекендерінде де егуді білген. Шайды тек әйелдер ғана жинаған екен. Себебі, әйелдің нәзік қолдары шайдың иісін одан сайын күшейтеді деп есептеген. Қытай императоры үшін шайды тек 16 жасқа дейінгі қыздар жинаған [1, с. 204].

Шайды 19 ғасырдың ортасына дейін дүниежүзінде Қытай өзі ғана сатып келді. Қытайлықтар шай өндіру сырын жібек, фарфор, дәрі өдіру құпиясын жасырғандай, керекмет ұқыптылықпен басқа халықтардан жасырып келді. Бірақ, осы шайдың сырын үйренуге көпшілік құлшынып отыр еді. Бұй білмекке құмартқан ағылшын кәсіпкері бір көңілшек қытайға ақша беріп, оның әзірлеу технологиясын үйренеді. Бұл-қытайларды шәй сатудан түсетін орасан зор пайдадан айырды, яғни шайдың бұтадан дайындалатыны құпия болмай қалған кезде, оны саудалайтын нарыққа талас басталып кетті. Шайдың отаны сонымен- Қытай. Біз шай деген атауды Солтүстік (Пекин) диалектісі ча атауынан алсақ француздар тэ, ағылшындар ти деп атауды Оңтүстік Қытай диалектісінен алған. Қытайлықтардың аңыз бойынша, Дарма есімді үнді ханзадалардың бірі Буддаға табынады екен, ол күндіз-түні тынбай еңбек етуге тиісті болды, бірақ бір күні байқамай көзі ілініп кетіпті. Соған күйінген ол кірпіктеріп кесіп алып анадай жерге лақтырып жіберсе, кірпіктері бұтаға айналып кетеді. Осы бұтаның жапырағын ауызына салып дәмін татып көрсе, шаршағаны басылып ұйқысы қашады. Бір қызығы шай және кірпік сөзі Қытай иероглифінде бір таңбамен белгіленеді [2, с. 134].

Ыстық шай ағзаға зиян. Шайды ыстықтай ішуге болмайды. Өйткені ыстық шай кеңірдекке, ас жолы мен асқазанға кері әсер етуі мүмкін. Ұзақ уақыт ыстық шай ішу ішкі органдарды ауруға ұшыратады. Сондықтан шайдың температурасы 56 градустан аспау керек. Шай дайындау үшін суды ұзақ қайнатқан дұрыс. Әдетте

шайді үш-төрт рет қайнатқан соң, пайдалы заттардың 50-30 пайызы қалады. Жүргізілген зерттеулерге сүйінсек, адам басына шаққанда әр қазақ жылына 1-2 келі шай ішеді.

Жапондық зерттеуші М.Киттар «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез-келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген. Негізі шай ішсек витаминдер дұрыс сіңілмейді. Сондықтан дәріні шаймен ішуге болмайды. Ал шайдың пайдасына келетін болсақ, ол бас ауыруын болдырмайды, астың дұрыс қорытылуына жол береді, қысымы төмен адамдардың қысымын көтереді, ал көк шай қысымды төмендетеді. Шай бұтасы-күй талғамайтын, тамырлы, көпжылдық өсімдік, жапырақтары кезектесе орналасқан, қалемше тәріздес. Ұзындығы – 7см, ені – 4см.

Сүт қосылған қою және тәтті шай халық емінде нашадан, дәрі – дәрмектен, ішімдіктен уланған жағдайда, оның (уланудың) бетін қайтаратын емдік сұйықтық ретінде пайдаланылады .

Құрғақ шайдың органолептикалық сапасын бағалау кезінде біріншіден сырт пішінін, содан соң оның хош иісін, дәмін, түсінің қарқындылығын, түсінің анықтылығын анықтау үшін тұнбасын дайындау.

Сыртқы пішінін анықтау үшін үлгінің бір бөлігін қағазға себеді және қарап анықтайды:


- шайдың топтары (жапырақты, ұсақ немесе түйіршіктелген);
- біртектілік бояуы және шама бұрау деңгейі;
- типтерінің бар болуы;
- төменгі сортты шай және күзде жиналған шикізат мінездемесі ішінде шай қоқымы болуы;
- үлкен жапырақтар, талшықтар және басқа қоспалар жеткіліксіз тазартудан сұрыптаудан пайда болады .

Бұл саралау көрсеткіші қандай шикізаттан өңделген өнім, техникалық режим сақталынғанын, және де шайды бұрау және сорттау кезінде дұрыс үрдіс жүргенін анықтаймыз.

Сыртқы пішінін анықтау кезінде: шайда алтын түсті типсалар, қызыл талшықтар, ағаш қылшықтары, иірілмеген жапырақ пластинкасы, басқа қоспалар барма соған назар аудару керек. Алтын түсті типсалардың бар болуы жоғары сапалы шай екенін куәландырады. Сұр түс типсаларының болуы шайды иірген кезде үйкелістің шамадан тыс болу нәтижесінде пайда болады. Қара түс шамадан тыс кептіргенің көрсетеді. Шайда талшықтар және қылшықтардың болуы, оны шикізаттың көлемі үлкен болуы және нашар сорттау себебінен туындайды.

Шай жапырағы дұрыс иірілмесе, қоспалар шайдың сапасына теріс ықпал етеді. Қара шайда иірілмеген жапырақтардың болуы, нашар ферментациялау әсерінен, онда жасыл түс сақталады және шайдың иісі мен дәміне кері әсер етеді. Қара шайда қызғылт және қоңыр иірілмеген жапырақтар кездесуі мүмкін, шай жапырағын қайта өңдеуге кешіктіру салдарынан иірілмейді және ферменттелмейді.


Сіз күнделікті шай ішесіз бе? деген сұраққа оқушылардың 85 %-ы иә деп, тек қана 15 %-ы жоқ деп жауап бергенін байқап отырмыз, яғни бұдан оқушылардың күнделікті рационды пайдаланатынына көзіміз жетіп отыр (диаграмма 1).



Сурет 1

Күніне қанша рет шай ішесіз? деген сұраққа 5 % оқушы 1-2 рет деп, 10 % оқушы 2-3 рет, 35 % оқушы 3-4 рет деп, 50 % оқушы 4-5 рет деп жауап берген. Яғни, бұдан байқайтынымыз оқушылардың жартысына жуығы шайды жиі пайдаланатынына көзіміз жетіп отыр (диаграмма 2).

Қандай маркадағы шайдың түрін сатып аласыз? деген сауалға 10 %-ы Чемпион, 35 %-ы Пиала, 10 %-ы Ассам, 5 %-ы Beta tea, 40 %-ы Tess деп жауап берді. Қатысушылардың көпшілігі Пиала және Tess шайы деп жауап бергендіктен, біз зерттеу тәжірибемізді осы шайларға жүргіздік



Сурет 2

Қорыта келсек, шай түрлі бактерияларды өлтіре алатын күшке ие. Негізінен ол – сүзек, дизентерия тәрізді аса қауіпті бактерияларды жояды. Шай қан құрамын, жүрек жұмысын жақсартады. Шай тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі. С дәрумені жетпеген адамға көк шай ішу керек. Көк шайды дұрыс пайдалана білген адам ерте қартаймайды.

Шай тұнбасы қан капиларын бекітеді, жүйкені жақсартады. Шайдың адам ағзасына пайдасы мол және зияны да аз емес. Шай бүйрекке тас байлануын болдырмайды. Жақсы өскен шай жапырағында С, В1, В2, А, Р дәрумендері бар деп, оны бет – алды іше берсең, шай өңінді өзгертіп, ұйқыңды қашырады.

Шайды тым қою етіп дайындап ішсең, оның құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтіп жібереді. Шай 18 градус ыстықтан төмен болса, жұпар иісі мен адам жанын сергітетін шипасын, дәмдік татымдылығын жоғалтады, сізге онша әсер етпейді.

Осы тақырыпты таңдамай тұрып, мені мазалағаны неге шайды адамдар жақсы көреді, оны ішпесе неге бастары ауырады деген сұрақтар. Осы тақырыпты алып, оны зерттеу барысында осы сұрақтарыма жауап таптым. «Шай тоңса, бойды жылытатын, шөлдегенде, шөлді қандыратын, ұйқы басса, сергітетін» қасиеттері үшін оған қазақ халқы осындай мақал арнаған. Шынында да, шайдың құрамында толып жатқан биологиялық пайдалы заттар бар.

Шай туралы пайдалы деректер:

- 1 Шай уланған адам ағзасын емдейді.
- 2 Түрлі бактерияларды өлтіре алатын күшке ие.
- 3 Шайды көп пайдаланса, адам терісінің түсі өзгеріп, ұйқысы қашады.
- 4 Буындарына тұз жиналған адамдарға көк шайдың зияны көбірек.
- 5 Құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтеді.
- 6 Бірнеше рет қайнатса құрамындағы пайдалы элементтер азайып, зиянды заттар көбейе түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Савельевских А.В. «Чай. Книга о том, как наслаждаться вкусом настоящего чая», 2005. – 112 б.
- 2 Ахметова А. Қ.. «Барлығы шай туралы», 1989. – 233б.

3 Тамақ өнімдерінің технологиясы: оқу құрал / Айтбек Қалиевич Какимов, Нурлан Оразханович Тусипов, Аман Еренғалиевич Еренғалиев, Сергей Львович Масленников. – Семей: Шәкәрім атын. СМУ, 2008. – 204 б.

4 Валеология : оқу құрал / Әділханов Әлмұхамед Сәрсенбаевич, Жаңабердиева.

5 Күлзифа Ә.Ж., Брусенко З. Г. – Алматы: Алматы кітап. ААҚ, 2004.– 134 б.

6 Иофина И. О. «Шай мен кофе», 2015.

7 Журнал «Домашний очаг», 2016 – С.8–12.

8 «Экология в мастерских». Белова Н.И., Наумова Н.Н., 2014. – С.2–5.

9 Газета «Биология»// «Информированность населения о пищевых добавках» № 44, 2002 г. – С.2–5.

### ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДА ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

САКЕНОВ А. Б.

10 сынып оқушысы, Назарбаев Зияткерлік мектебі

ГИНАЯТ Т. Г.

педагогика ғылымдарының магистрі, биология пәнінің мұғалімі

КОШАНОВА М. С.

математика пәнінің мұғалімі, ХБН Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі таңда кез келген маңызды мәселені математикалық білімді қолданбай шешу мүмкін емес. Нақты үдерістер белгілі бір математикалық заңдарға бағынады, оларды қолдану мүмкін болатын нәтижені теориялық тұрғыдан болжауға мүмкіндік береді. Ықтималдықтар теориясы – кездейсоқ құбылыстардың заңдылықтарын зерттейтін математика ғылымының саласы. Ықтималдықтар теориясының әдістері ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады [1].

Генетикалық есептер шығаруда әр түрлі гаметалар типтерінің үйлесімділігін жеңіл анықтау үшін ағылшын генетигі Р.Пеннет тор жасауды ұсынды. Кейін ол Пеннет торы деп аталды. Пеннет торы – бұл генетика саласының маңызды құралы, бірақ ол әрқашан генетикалық мәселені шешуде өте ыңғайлы бола бермейді. Мысалы, сізден AA x Aa немесе AABb x AABb будандастыру түрлерін емес, aabbccdde x AABbCcDDEe будандастыруы үшін рецессивті класс

жиілігін есептеуді сұрады делік. Сіз бұл есептеуді Пеннет торымен шеше аласыз, алайды Пеннет торын 102410241024 ұяшықтарымен толтыруыңыз қажет. Бұл емтихан кезінде немесе басқа да осындай есептер шығару үшін өте қолайсыз және көп уақытты қажет етеді.

Пеннет торы – бұл ықтималдық есептеулерін шығарудың визуалды тәсілі екенін түсінген кезде жоғарыда аталған бес геннен тұратын будандастыру мәселесін шешу қиындық тудырмайды. Жалпы Пеннет торы – бұл бір немесе екі генмен жұмыс істеудің тамаша құралы болғанымен, гендер саны артқан сайын ол баяу және ыңғайсыз болуы мүмкін. Пеннет торысыз-ақ ықтималдық есептеулерін жасау жылдамырақ болады. Барлық жағдайларда есептеу және тор бірдей ақпаратты береді, сол себепті сіз кең ауқымды мәселелерді тиімді тәсілмен шешуге дайын бола аласыз [2].

Бұл жұмыста бірқатар генетикалық есептерді шешу үшін ықтималдық теориясы ұғымдарын тиімді қолдану көзделді.

Зерттеу объектісі генетикалық есептеулерді шешу үшін қолданылатын ықтималдық теориясының ұғымдары мен заңдары болып табылады.

Зерттеу пәні – ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары мен формулалары және генетикалық есептеулер арасындағы байланыс.

Генетикалық есептерді шешуде ықтималдық теориясын тиімді қолдану жұмыстың зерттеу мақсаты болып табылады.

Зерттеу әдістері: математика және генетика бойынша әдебиеттерді талдау; ықтималдықтар теориясының классикалық анықтамалары мен формулаларын қолдана отырып, математикалық есептеулер жүргізу.

Ықтималдықтар – ықтималдықтың математикалық өлшемдері. Басқаша айтқанда, олар бір нәрсенің пайда болу ықтималдығын сандық бағалау (белгілі бір сандық мән беру) әдісі. Ықтималдықтар эмпирикалық болуы мүмкін, яғни олар нақты бақылаулар негізінде есептеледі немесе теориялық болуы мүмкін, яғни олар ережелер мен болжамдар жиынтығын қолдану арқылы болжанады. Оқиғаның эмпирикалық ықтималдығы осы оқиғаның қанша рет болғанын санау және оны оқиғаның болуы мүмкін жалпы санына бөлу арқылы есептеледі [3].

Оқиға ықтималдығының классикалық анықтамасы. Айталық,  $U = \{A_1; A_2, \dots, A_n\}$  элементар оқиғалар кеңістігінде  $A = \{A_{n_1}; A_{n_2}, \dots, A_{n_m}\}$ ,  $(A_{n_i} \in U)$  кездейсоқ оқиғасы берілсін. Мұнда  $A_{n_1}, A_{n_2}, \dots, A_{n_m}$  элементар оқиғаларын А оқиғасына

қолайлы нәтижелер деп атайды. Мысалы, ойын сүйегін тастағанда жүп ұпай түсуін білдіретін  $A = \{A_2; A_4, \dots, A_6\}$  кездейсоқ оқиғасына 3 қолайлы нәтиже бар:  $A_2, A_4, A_6$ .

Анықтама.  $A \subset U$  кездейсоқ оқиғасының ықтималдығы деп  $A$ -ға қолайлы нәтижелер санының барлық мүмкін нәтижелер (барлық элементар оқиғалар) санына қатынасын айтады және оны  $P(A)$  арқылы белгілейді. Сонымен,  $U = \{A_1; A_2, \dots, A_n\}$  және  $= \{A_{n_1}; A_{n_2}, \dots, A_{n_m}\} (A_{n_i} \in U)$  деп алсақ, онда анықтама бойынша

$$P(A) = \frac{m}{n}$$

формуласымен  $A$  оқиғасының ықтималдығы анықталады. Бұл анықтаманы ықтималдықтың классикалық анықтамасы деп атайды. Өйткені  $U$  элементар оқиғалар кеңістігіне енетін элементар оқиғаларды тең мүмкіндікті оқиғалар деп қабылдаймыз, яғни ондағы әрбір элементар оқиғаның ықтималдығы  $\frac{1}{n}$ -ге тең.  $U \subset U$  болғандықтан, оны да оқиға ретінде қарастырамыз. Сонда  $U$  – ақиқат оқиға,  $P(A) = \frac{m}{n}$  формула бойынша  $P(U) = \frac{n}{n} = 1$ , яғни ақиқат оқиғаның ықтималдығы 1-ге тең. Ал жалған  $\emptyset$  оқиғаның ықтималдығы 0-ге тең. Себебі  $\emptyset$  жалған оқиғасына бірде-бір қолайлы нәтиже табылмайды ( $m=0$ ). Онда

$$P(\emptyset) = \frac{0}{n} = 0$$

әрбір  $A$  оқиғасы үшін  $0 \leq P(A) \leq 1$  теңсіздігі орындалады; егер  $A$  және  $B$  оқиғалары үйлесімсіз болса, онда

$$P(A + B) = P(A) + P(B)$$

теңдігі орындалады;

Егер  $A$  және  $B$  оқиғалары өзара тәуелсіз болса,

$$P(A * B) = P(A) * P(B)$$

теңдігі орындалады.

Генетикалық есеп шығару үлгісін ұсынайық.

Қара шаш ( $A$ ) шаштың сары ( $a$ ) түсінен басым. Қой көзді ( $B$ ) белгі көк көзді ( $b$ ) белгіден, көруі қалыпты белгі ( $C$ ) алыстан көрмеушілік белгіден ( $c$ ), ал оңқайлық ( $D$ ) солақайлықтан ( $d$ ) басымдылықты көрсетеді [4].

Кесте 1

A	Доминантты ген (қара шаш)	C	Доминантты ген (көруі қалыпты)
a	Рецессивті ген (сары шаш)	c	Рецессивті ген (алыстан көрмеушілік)
B	Доминантты ген (қой көз)	D	Доминантты ген (оңқайлық)
b	Рецессивті ген (көк көз)	d	Рецессивті ген (солақайлық)

**1-есеп.** Қара шашты, қой көзді, көруі қалыпты және солақай ер адам мен сары шашты, қой көзді, алыстан көрмеушілігі бар солақай әйел адаммен үйленгенде дүниеге қара шашты, көк көзді, алыстан көрмеушілігі бар солақай баланың туу ықтималдылығын табыңыз.

Кесте 2

Ер адам генотипі	Әйел адам генотипі	Бала генотипі
AaBbCcdd	aaBbccdd	Aabbccdd

Осы есепті Пеннет торы арқылы көрсететін болсақ осындай көрініс шығады:

Кесте 3

♂ ♀----	ABCd	ABcd	AbCd	Abcd	aBCd	aBcd	abCd	abcd
abcd	AaBbCcdd	AaBbccdd	AabbCcdd	Aabbccdd	aaBbCcdd	aaBbccdd	aabbCcdd	aabbccdd
aBcd	AaBBCdd	AaBBccdd	AaBbCcdd	AaBbccdd	aaBBCdd	aaBBccdd	aaBbCcdd	aaBbccdd

Осыдан көретініміз, баланың aabbccdd гендер жинағына ие болу ықтималдылығы 1/16-ға тең (пайызбен санағанда 6,25%)

Кесте 4

<p>P: ♀aa x ♂Aa</p> <p>G: a aAa</p> <p>F: Aa, aa, Aa, aa</p> <p>50%(Aa) : 50%(aa)</p>	<p>Бізге қажет баланың шашы кара (Aa) болуы керек. Соған байланысты ықтималдылық классикалық анықтамасын қолданамыз:</p> $P(A) = \frac{m}{n}$ $P(A) = \frac{2}{4} = \frac{1}{2}$ <p>Демек, баланың кара шашты болуы 50%.</p>
<p>P: ♀Bb x ♂Bb</p> <p>G: B b B b</p> <p>F: BB, Bb, Bb, bb</p> <p>25%(BB) : 50%(Bb) : 25%(bb)</p>	<p>Баланың көзі көк түсті болу үшін (bb)болу керек:</p> $P(B) = \frac{m}{n}$ $P(B) = \frac{1}{4}$
<p>P: ♀cc x ♂Cc</p> <p>G: c c C c</p> <p>F: Cc, cc, Cc, cc</p> <p>50%(Cc) : 50%(cc)</p>	<p>Баланың алыстан көрмеушілігі үшін (cc) болуы керек. m=2, n=4.</p> <p>Демек, C оқиғасының ықтималдығы</p> $P(C) = \frac{2}{4} = \frac{1}{2} (50\%)$
<p>P: ♀dd x ♂dd</p> <p>G: d d d d</p> <p>F: dd, dd, dd, dd</p> <p>100%(dd)</p>	<p>Екі ата-ана да солақай, сондықтан рецессивті гендік қатарға ие,яғни m=4, n=4.</p> <p>Демек, D оқиғасының ықтималдығы</p> $P(D) = \frac{4}{4} = 1 (100\%)$

Жалпы баланың гендік қатары: Aabbccdd болуының ықтималдығы

$$P(aabbccdd) = P(A) * P(B) * P(C) * P(D)$$

$$P(aabbccdd) = \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{4} \cdot \frac{1}{2} \cdot 1 = \frac{1}{16} = 0,0625 (6.25\%)$$

Осыдан көретініміз, биологиялық түрде шығарған есептің жауабы математикалық әдіспен шыққан жауаппен бірдей 6,25 %-ға тең.

**2-есеп.** Сары шашты, кой көзді, көруі қалыпты, оңқай әйел мен кара шашты, көк көзді, алыстан көрмеушілігі бар оңқай ер адам үйленгенде кара шашты, көк көзді, көруі қалыпты, оңқай баланың туу ықтималдылығын табу керек.

Кесте 5

Ер адам генотипі	Әйел адам генотипі	Бала генотипі
1)AAbbCCDD	1)aaBbCCDD	1)AabbCcDD
2)AAbbccDd	2)aaBbCCDd	2)AabbCcDd
3)AabbccDd	3)aaBbCcDD	
4)AabbccDD	4)aaBbCcDd	

Биологиялық әдіспен осы есепті шығару көптеген уақытты талап етсе, математикалық тұрғыдан осы есепті шығару қиындық тудырмайды

Кесте 6

<p>1)</p> <p>P: ♀aa x ♂Aa</p> <p>G: a aA a</p> <p>F: Aa, aa, Aa, aa</p> <p>50%(Aa) : 50%(aa)</p> <p>2)</p> <p>P: ♀aa x ♂AA</p> <p>G: a a A A</p> <p>F: Aa, Aa, Aa, Aa</p> <p>100%(Aa)</p>	<p>Кара шашты болу ықтималдылығы (Aa)</p> <p>Aa, Aa, Aa, Aa, Aa, Aa</p> <hr/> <p>Aa, aa, Aa, aa, Aa, Aa, Aa, Aa</p> $\frac{6}{8} = \frac{3}{4}$
<p>P: ♀Bb x ♂bb</p> <p>G: B b b b</p> <p>F: Bb, bb, Bb, bb</p> <p>50%(Bb) : 50%(bb)</p>	<p>Көк көзді болу ықтималдылығы (bb)</p> <p>bb, bb</p> <hr/> <p>Bb, bb, Bb, bb</p> $\frac{2}{4} = \frac{1}{2}$
<p>1)</p> <p>P: ♀CC x ♂cc</p> <p>G: C C c c</p> <p>F: Cc, Cc, Cc, Cc</p> <p>100%(Cc)</p> <p>2)</p> <p>P: ♀Cc x ♂cc</p> <p>G: C c c c</p> <p>F: Cc, cc, Cc, cc</p> <p>50%(Cc) : 50%(cc)</p>	<p>Қалыпты көру ықтималдылығы (Cc)</p> <p>Cc, Cc, Cc, Cc, Cc, Cc</p> <hr/> <p>Cc, Cc, Cc, Cc, Cc, cc, Cc, cc</p> $\frac{6}{8} = \frac{3}{4}$

Кесте 7

<p>1) P: ♀DD x ♂DD G: D D D D F: DD, DD, DD, DD 100%(DD)</p> <p>2) P: ♀DD x ♂Dd G: D D D d F: DD, DD, Dd, Dd 50%(DD) : 50%(Dd)</p> <p>3) P: ♀Dd x ♂Dd G: D d D d F: DD, Dd, Dd, dd 25%(DD) : 50%(Dd) : 25%(dd)</p> <p>4) P: ♀Dd x ♂DD G: D d D D F: DD, DD, Dd, Dd 50%(DD) : 50%(Dd)</p>	<p>Оңқайлық ықтималдылығы (DD немесе Dd) <math>\frac{15}{16}</math></p>
--	---

Шешімі:

$$\frac{15}{16} * \frac{3}{4} * \frac{1}{2} * \frac{3}{4} = \frac{135}{256} = 52,734375\%$$

Жоғарыда келтірілген бірнеше мысалдарда математикалық есептеулерді, яғни ықтималдықтар теориясын қолдану арқылы Пеннет торын толтырмай-ақ нәтижені болжауға болатынын көрдік. Генетикалық есептерді шығаруда ықтималдықтар теориясын қолдану біршама тиімді екенін аңғаруға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Генетика. Опыты и результаты [Электрондық ресурс]. – URL: <https://school-science.ru/3/7/31691> [дата обращения 03.02.2022]

2 Вероятности в генетике. Почему это важно.[Электрондық ресурс]. – URL: <https://sciencing.com/probabilities-in-genetics-why-is-it-important-13718441.html> [дата обращения 12.03.2022]

3 Хамитов М.Х. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері. Оқу құралы. – Павлодар, 2007. – с.98.

4 Сартаев А. Жалпы биология есептері мен тапсырмалары. – А.: «Мектеп», 2010. – 19 б.

### ТОПЫРАҚТАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ БИОМАССА ӨНДІРІСІНЕ ЖӘНЕ ПЕЛАРГОНΙΑ МЕН ХРИЗАНТЕМА ТҮРЛЕРІНІҢ ӨСІМДІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ЖИНАҚТАЛУЫНА ӘСЕРІ

ТУЛЕУТАЕВА Т. Б.

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

МЕДЕТБЕК Қ. Қ.

7 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

Ауыр металдар – барлық тірі ағзалар үшін жоғары уыттылыққа ие болатын химиялық элементтер. Шартты түрде оларға атомдық массасы 50-ден артық, металдық және металдық емес қасиеттерге ие болатын және неғұрлым уытты болып саналатын химиялық элементтер жатады. Өте уытты ауыр металдарға жатады Be, Co, Ni, Cu, Zn, Sn, As, Se, Te, Pb, Cd, Hg, Rb және т.б. олардың кейбіреулері микроэлементтер ретінде белгілі және олардың метаболизм кезіндегі маңыздылығы ғылыми дәлелденген, олар ауыл шаруашылығы мен медицинада қолданылады. Ауыр металдар деген термин негізінде медициналық және табиғатты қорғау тұрғысынан қолданылады, себебі бұл жерде олардың биологиялық белсенділігі мен уыттылығы есепке алынады [1].

Әртүрлі зерттеулер бойынша табиғи экосистемалардың ауыр металдармен ластануы, олардың деградациялануының неғұрлым қауіпті факторы болып табылады, себебі бұл металдардың топырақтағы концентрациясының артуына әкеледі.

Топырақта ауыр металдардың концентрациясыларының артуы, олардың жабайы және екпе өсімдіктерде жинақталуына әкеледі, ол әрі қарай тамақтық тізбектердің ластануын тудырады. [1]. Сонымен қатар ауыр металдардың жоғары концентрациялары топырақтың өсімдіктердің өсуі үшін жарамсыз болуына әкеледі [2].

Топырақтарда ауыр металдардың фондық мөлшерінің біраз артуы (5–10 есе) микробиологиялық белсенділіктің елеулі өзгеруін тудырмайды. Ауыр металдарға жататын мыс, мырыш, кобальт, молибден, темір және кейбір басқа элементтер ферменттердің құрамына кіретіні белгілі және оларды аз мөлшерде табиғи



орталарға енгізу микроағзалардың өсуін және белсенділіктерін арттырады [1]. Ауыр металдармен ластанудың неғұрлым жоғары дәрежесі биологиялық белсенділіктің төмендеуіне әкеледі [2].

Ауыр металдарды ластанған топырақтардан бөліп алу келешекті және экономикалық тиімді тәсілі фитоекстракция деп аталады. Бұл әдіс бойынша топырақтардан ауыр металдарды бөліп алу арнайы өсімдіктердің-гипераккумуляторлардың көмегімен орындалады.

Гипераккумуляторларға құрамында 0,01 %-дан артық кадмий, 0,1 % мыс, хром, қорғасын, никель, кобальт, 1 % мырыш және марганец бар өсімдіктер жатады. Қазіргі уақытта әртүрлі металдарды сақтайтын төрт жүзден астам өсімдіктер түрлері белгілі.

Бұндай өсімдіктерді ластанған топырақтарда өсіруде, олар өз бойларында топырақтан сіңіретін ауыр металдардың елеулі мөлшерін жинақтайды. Өсімдіктер-гипераккумуляторлар *фитомайнингте* – тау кендерінің үйінділерінен металдарды бөліп алу тәсілінде қолданылады.[3].

Фитомайнинг үшін өсімдіктердің жерүсті бөлімдері қолданылады. Олардың күлінен қажетті металдар бөліп алынады. Фитоекстракцияның басқа түрі – *фиторемедиация* болып табылады. Фиторемедиация – ластанған топырақтарда өсімдіктер – гипераккумуляторды өсіру арқылы оларды ауыр металдардан тазарту [35, 178]. Ластанған топырақтарда өсірілетін өсімдіктер ауыр металдардың ерігіштіктері мен қозғалғыштықтарын төмендетеді [2].

Фиторемедиацияның топырақтарды тазартудың небары перспективалы әдістерінің бірі болуына әкелетін бірқатар артықшылықтары бар. Олар:

- бейорганикалық қосылыстардың көп түрі үшін қолданылу мүмкіншілігі;
- қымбат жабдықтау мен арнайы оқытылған қызметкерлердің қажеттілігінің болмауы;
- үйінділерді ластайтын қалдықтардың мөлшерінің төмендеуі;
- тазартудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда топырақ пен ландшафттың бұзылу қаіпінің төмендеуі;
- ауыр металдардың су немесе ауа жолдары арқылы әрі қарай таралу мүмкіншілігінің төмендеуі;
- өсімдік биомассасында жиналған потенциалды энергия жылу және электр энергиясын өндіруде жұмсалуды мүмкін.

Аталған артықшылықтармен қатар фиторемедиация әдісінің бірқатар кемшіліктері бар. Олар:

- ауыр металдарды жою негізінде өсімдіктің тамыр аймағында орындалады;
- жерді тазарту бірнеше жыл уақыт алады;
- негізінде металдардың концентрациясы төмен немесе орташа болатын аймақтарда қолдану мүмкіншілігі;
- ластанған биомассаны пайдаға жарату күрделілігі;
- әдістің қолданылуының климаттық жағдайларға байланысты шектелуі;
- ластанған биомассаны жандыру процесін бақылау қажеттілігі [3].

Фиторемедиацияны жүзеге асырудың небары келешекті әдісіне фитоекстракция жатады. Бұл әдіс үшін өсімдіктің жер үсті бөлігінде аккумуляцияланудың айқын эффектісіне ие болатын және осы бөлікті егістіктен оңай жинау алу мүмкіншілігі болатын өсімдіктер қолданылады. Фитоекстракцияның қосымша артықшылықтарына топырақтарды тазартудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда, осы технологияны жүзеге асыруға қажетті шығындардың мөлшері елеулі төмен болуы жатады. Сонымен қатар бұл әдісті жүзеге асыру техникаы қарапайым және тиімділігі жоғары болады.

Әртүрлі зерттеулер нәтижелерін талдау кезінде, біз гипераккумуляторлар ретінде әртүрлі өсімдіктерді қолдану ұсынылатынын байқадық. Соның ішінде зерттеулерде жиі жағдайларда келесі өсімдіктермен талдаулар орындалған: жүгері, күнбағыс, бұршақты дақылдар, астық тұқымдастары [2].

Мұнаймен ластанған топырақтарда аталған өсімдіктерді гипераккумуляторлар ретінде қолдану топырақтағы хром мен кадмийдің концентрациясының 3 есе, марганец пен барийдің концентрациясының 23 есе, темір мен мышьяқтың концентрациясының 8 есе, кобальттың концентрациясының 9,5 есе, никель мен қорғасынның концентрациясының 4 есе, мырыштың концентрациясының 2 есе шамасында төмендейтіні бақыланған.

Алынған нәтижелер фитоекстракцияның тәжірибелік пайдасын дәлелдейді және ластанған топырақтардағы ауыр металдардың концентрацияларының көп рет төмендейтінін көрсетеді. Фиторемедиация әдістерінде энергия мен ресурстардың шығыны классикалық әдістермен салыстырғанда едәуір төмен және олармен салыстырғанда неғұрлым тиімді болады.

Қалалардың шетінде ластаушы заттарды тастау сияқты жергілікті техногендік әрекеттер де, атмосфералық шөгінділер сияқты

жалпы процестер де қоршаған ортаға әсер етеді. Осының салдарынан қала мен ашық дала арасындағы фазаларда бірнеше экологиялық проблемалар туындайды. Ауыр металдардың қала және қала маңындағы топырақтарда жиналатыны әлдеқашан дәлелденген [2].

Бірнеше екпе өсімдіктерді қалалардың айналасындағы ластанған аумақтарда өсіруге болады, оның ішінде пеларгония және хризантема тұқымдасының түрлерін де отырғызуға болады. Мысал ретінде хош иісті герань (*Pelargonium* sp. «Frensham») кадмий (Cd) және никель (Ni) мен қорғасынның (Pb) жоғары концентрацияларына шыдайтыны анықталды. Екі тұқымның да өсімдіктері бүкіл әлемде маңызды сәндік дақылдар болып табылады және оның танымалдығы мол гүлденуіне, әртүрлі жапырақ үлгісіне және оны оңай өсіруге байланысты болады [1].

Уытты элементтерді өсімдіктер сіңірген кезде, уыттылық проблемалары әдетте өсімдік органдарында немесе бүкіл өсімдікте биомасса өндірісінің төмендеуіне әкеледі және өскіндер ауыр металдардың жоғары концентрациясын көрсетті. Ауыр металдардың топырақтан сіңірілуі және өсімдіктерде жиналуы элементтер мен өсімдіктер арасында әр түрлі болды, ал тасымалдау коэффициенті металдардың қозғалысын бағалау үшін пайдалы көрсеткіш болып табылады. Бұл коэффициент өсімдік ұлпаларындағы металл концентрациясы мен топырақтағы жалпы металл концентрациясы арасындағы қатынас болып табылады. Пеларгония тұқымдасының өсімдіктерінің үш түрі мен Хризантема тұқымдасының бір түрінің алты ауыр металдары бар топырақта өсу кезінде биомасса түзілуін және әртүрлі элементтердің жинақталуының зерттеулері орындалған. Осы зерттеулерді талдайтын болсақ, онда бұл өсімдіктер гипераккумуляторлар ретінде қолданылуы мүмкін болатыны анықталған [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Андреева И. В. Фиторемедиация почв, загрязненных тяжелыми металлами / И. В. Андреева, Р. Ф. Байбеков, М. В. Злобина. // *Природообустройство*. – 2009. – № 5. – С. 5–11.

2 Бабаев Э. Р. Фитоэкстракция тяжелых металлов из нефтезагрязненных почв Апшеронского полуострова / Э. Р. Бабаев, Э. М. Мовсумзаде. // *НефтеГазоХимия*. – 2016. – № 3. – С. 27–30.

3 Василенко Т. А. Применение осадка механической и биологической очистки бытовых и производственных сточных вод в качестве удобрения / Т. А. Василенко, А. Х. Мохаммед. // *Вестник БГТУ им. В.Г. Шухова*. – 2016. – № 6. – С. 211–219.

## 6.2 Денсаулық сақтау сұрақтарына заманауи көзқарастар 6.2 Современные подходы в вопросах здравоохранения

### ЛИНЗАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАНЫМАЛ БОЛУЫ

АЛДАБЕРГЕН Н.

10 сынып оқушысы, № 1 Чернорецк ЖОББМ, Павлодар ауд.

ЕРИК К.

педагог-модератор, биология пәнінің мұғалімі, № 1 Чернорецк ЖОББМ, Павлодар ауд.

Жаһандану заманындағы жаңа технологияның кері әсерінен болар, қоғамда жастардың көру қабілеті төмендеп барады. Көру қабілетін қалпына келтіру үшін біреулер арнайы көз жаттығуларын жасап, дәрумендер қабылдайды немесе көзілдіріктің көмегіне жүгініп жатады. Көзілдірік кигенді ұнатпайтындар адамдар да бар. Олар көзілдіріктің орнына линза пайдаланғанды дұрыс көреді. Сондықтан линзалар арқылы көруді түзету барған сайын танымал болуы артуда. Көптеген адамдардың көру қызметтерінің бұзылуына тек компьютер мен электронды гаджеттерді кінәлау артық болар еді. Көру функцияларының нашарлауының себептері өте әртүрлі болуы мүмкін. Көбінесе олар тұқымқуалаушылыққа жатады, өйткені әкесі мен анасының көру қабілеті нашар болса, баласының көру қабілеті нашар болуы ықтимал. Линзалар 100 % көретін адам ретінде көруге мүмкіндік береді. Атап айтсақ белсенді өмір салтын жүргізуге және спортпен айналысуға мүмкіндік береді: шаңғы тебу, футбол ойнау және т.б. Сондай-ақ линзалар сіздің көруіңізді шектемейді. Контактілі линзалар тамаша көруді ғана емес, сонымен қатар көздің түсін өзгерте алады. Сіз контактілі линзалармен бірге әдеттегі күннен қорғайтын көзілдірік киюге болады. Кейбір линзалар қосымша ультракүлгін сәулелерден қорғайды. Көздеріңіздің арасында үлкен айырмашылық болса да, линзалар ыңғайлы және көруге оңай. Линзаларда көру табиғи болады, заттардың өлшемдері шынайы болып көрінеді. Көздер қозғалған кезде линзалар олармен бірге қозғалады. Линзалар адамның сыртқы түрін өзгертпейді, мұрынға, құлаққа қысым жасамайды. Ал салқын ауа райында линзалар тұманданбайды, қыста қатып қалмайды, жаңбырда суланбайды, қар оларға жабыспайды. Сонымен қатар көз дәрігерлердің айтуынша, бұл оптикалық линзалардың басты артықшылығы - линзалар көруді

табиғи түрде түзетеді. Мұны түсіндіру өте қарапайым - олар көздің мүйізді қабығына тығыз орналасады және адамның қозғалысын анық қадағалайды. Көптеген пайдаланушылар көзілдірік киюден бас тартады, линзалар анық суретті ғана емес, сонымен қатар киюге өте ыңғайлы. Олардың көмегімен сіз көздің табиғи түсін өзгерте аласыз немесе, керісінше, оның көлеңкесі мен мәнерлілігін баса көрсете аласыз. Контактілі линзалар лазерлік хирургияны қауіпті немесе өте қымбат деп санайтындар немесе көзілдірікті ыңғайсыз және ауыр деп санайтындар үшін қауіпсіз, ыңғайлы және уақыт тексерілген балама болып табылады. Сіз контактілі линзалардың түрлері туралы білетін бірінші нәрсе - олардың екі түрі бар: жұмсақ және қатты. Мұның бәрі өндіріс материалына байланысты. Жұмсақ контактілі линзалар, сіз болжағаныңыздай, ең ыңғайлы, сұранысқа ие және тұтынушыларға ұнайды. Бірақ мәселе тек бір артықшылық пен ыңғайлылық емес, сонымен қатар медициналық ұсыныстар. Жұмсақ контактілі линзалар көзінің қасаң қабығының қисаюуы, алыстан көру сияқты қолданушыларға тағайындалады. Жалпы, халық арасында жиі кездесетін көру қабілетінің бұзылуымен. Олар үшін, бақытымызға орай, ылғалды жақсы сіңіретін, ауаны өткізетін және көзіңізді жақсырақ ұстау үшін көрінбейтін және сезілмейтін көмекші болу мүмкіндігіне ие жұмсақ контактілі линзалар ойлап табылды. Ал қатты контактілі линзалар астигматизм мен кератоконустың ауыр түрлері үшін тағайындалады. Олар қаттырақ материалдардан жасалғандықтан осылай аталады. Олар жұмсақтардан айырмашылығы, алдымен сіз әрбір жыпылықтаған сайын көз алдыңызда сезінесіз. Көзге бейімделу процесі уақытты қажет етеді. Екінші жағынан, қатты контактілі линзалар өздерінің пішінін тамаша сақтай алады және ұзаққа созылады және әдетте аллергиялық реакцияларды тудырмайды, өйткені қатты линзалардағы шөгінділер жұмсақ линзаларға қарағанда баяу қалыптасады. Линзалар сізге және сіздің балаларыңызға көзілдірік киюге байланысты психологиялық жаракаттан аулақ болуға да көмектеседі. Кейбір кездері линза туралы жалған пікірлерді де кездестіріп жатамыз. Мысалы, линза көзге зиян, бірақта заманауи линзаларды медицинада пайдаланатын биоматериалдан жасайтындығын білеміз. Соның арқасында линза бойынан оттегі өткізіп, көздің «демалуына» жағдай жасайды. Офтальмологпен кеңесіп, линза таңдап, ауыстыру мерзімі мен күту ережелерін білсеңіз, линза тағу ыңғайлы әрі қауіпсіз болады. Линза – медициналық құрал болғандықтан, дәрігердің кеңесуі арқылы

тандалғаны жөн екенін ұмытпау керек. Қорыта келе айтатын болсақ, линзаның артықшылықтары:

- линза ыңғайлы және көз жанарын талдырмайды, көзілдірікке қарағанда айналаны анық көрсетеді;
  - линзамен көзқарас аумағы шектелмейді, сондықтан айналаны толық көре алады;
  - линзаларда (заманауи, сапалы түрлерінде) ультракүлгін сәулелерден қорғайтын фильтрлер бар;
  - линзалар оттегіні өткізу арқылы көздің демалуына жағдай жасайды;
  - линза адамның қозғалысына кедергі келтірмейді (спортпен шұғылданып, би билеуге қолайлы);
  - линза кез-келген адамға үйлесімді (ал көзілдірікті бет пішінге қарап таңдауымыз қажет);
  - линза шаң жинамайды және бетіне сызық түспейді.
- Материалдық технология мен өндірістегі жетістіктер линзаларды мүлдем зиянсыз, толығымен табиғи және заманауи өмірдің таптырмас атрибуты ретінде қарайды. Тиімділік тұрғысынан контактілі линзалар жақсырақ, өйткені олар ең табиғи көрініске қол жеткізуге мүмкіндік береді. Көздің пішінін және қарашықтың қозғалысын қайталай отырып, олар күрделі түрде «жұмыс істейді», сондықтан адам миопия, гиперметропия және жоғары астигматизм комбинациясы болса да түзетуге жақсырақ шыдайды. Сондықтан линзалар көруді түзетудің ең жақсы тәсілі болып табылады және оны қолданушылардың да саны арта түспек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рақышев А.Р. Адам анатомиясы. Алматы: Білім, 2005
- 2 Оспанова А., Ахметжанова Т. «Биология шын» Алматы, 2008
- 3 Нұртаева Қ. Медициналық биология. Алматы: Эверо, 2014
- 4 <https://massaget.kz/kyzdarga/krasota/29259/>
- 5 <https://www.vseozrenii.ru/kontaktnye-linzy/vse-o-kontaktnyh-linzhah/>

## ПРАКТИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ЧЕРЕЗ СОЗДАНИЕ ШКОЛЬНОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ТРОПЫ

АЛПЫСБАЕВА А. Ж.  
учитель биологии, СОШ № 6, г. Павлодар  
ТУЛЕУБАЕВА А. С.  
учитель биологии, СОШ № 6, г. Павлодар  
АСПАНОВА Р.  
ученик 5 «Б» класса, СОШ № 6, г. Павлодар

На сегодняшний день создание экологической тропы, является очень актуальной. Существующая в течение ряда лет проблема школьных участков в летний период позволила определить тему исследования. Четкое распределение охраняемых объектов разрешило направленно вести работу по охране и получить желаемый результат [2, с. 3].

Создание экологических троп содействует повышению уровня экологического образования. Знания, которые ученики приобретают на тропе, непосредственно связаны с программным материалом; они помогают расширять и углублять знания, полученные на уроках. Суть же состоит в том, что мы учащиеся овладеваем умениями применять на практике знания из разных предметов в комплексе, постигая неразрывное единство природной среды и человека. На учебной тропе обучение и воспитание сливаются в единый процесс. Школьники усваивают здесь не только научные знания о природной среде, но и этические и правовые нормы, связанные с природопользованием. Особенно на экологической тропе постоянно создаются условия для сочетания мысли, чувства и действия. А такой сплав – важнейшее условие воспитания убеждений личности, ее мировоззрения [4, с. 12].

В своем исследовании, обнаруживаются экологические проблемы участка своей школы, изучаю познавательные-экологические возможности тропы. Провожу изучение через эксперимент, анкетирование, выясняю отношение жителей и учеников школы. Мною самостоятельно были подготовлены анкеты, опрошены люди и обработан материал.

Совершенством работы является то, что благодаря многогранности направлений деятельности на тропе, школьники учатся совокупно оценивать результаты труда, прогнозировать экологические следствия деятельности человека, в том числе

своей и своих товарищей. Высшим проявлением связи обучения с жизнью становится участие школьников в улучшении общего состояния природы в зоне экологической тропы. Экологическая тропа – это перспективная учебная территория, где школьники выступают в качестве учителей, пропагандистов, тружеников, где определяются их гражданские качества, активная жизненная позиция. Поэтому, проводя такую работу, ученики одновременно могут многому научиться и получить высоконравственные уроки. Ухаживая за растениями в летний период на пришкольном участке, мы порой наблюдали, как отрицательно на него воздействуют посетители, молодежь микрорайона, нанося вред и засоряя территорию. Проблема заключается в особенностях места расположения школы рядом с крупным торговым центром «Манакбай», что вызвало острую необходимость проведения на пришкольном участке природоохранных мероприятий. Не секрет, что школьные территории являются проходными и посещаемые по разным причинам, что приводит к засорению и отрицательному воздействию со стороны человека. Противоречие заключается в имеющемся потребительском, порой даже варварском отношении людей к природе родного края и необходимостью воспитания и проявления экологической культуры. Анализ проблемы позволил выйти на тему проекта «Школьная экологическая тропа «Войди в природу другом». С этой целью были проведены сборы инициативной группы, изучены подходы к созданию экологической тропы, которая начинается на территории школы, а заканчивается одной из остановок Парка афганцев. Новизна проекта заключается в определении эффективных путей реализации экологизации:

- целенаправленной работе по формированию экологического образования населения и школьников;
- через разработку школьной экологической тропы;
- через исследовательскую деятельность.

Идея проекта: Формирование активно-действенного отношения к природе, личной ответственности за состояние окружающей среды с учащимися.

Цель проекта: Создание экологической тропы на территории школьного участка, информирование посетителей о представителях флоры данного участка, формирование у населения основ экологической культуры.

Задачи:

- 1 Выявить экологические проблемы участка своей школы.

2 Изучить познавательные-экологические возможности тропы.  
3 Создать условия для воспитания экологически грамотной культуры поведения человека в окружающей среде

4 Провести научные опыты и исследования на основе методик международной детской экологической программы.

5 Воспитать чувство ответственности, понимание живой природы, любовь к родному краю.

Нами выдвинута гипотеза: создание экологической тропы на пришкольном участке позволит учащимся и жителям микрорайона развить природоохранные качества, сформировать экологическую культуру.

Форма и методы осуществления проекта: Анализ проблемы - степени воздействия на пришкольный участок; социальный опрос населения; исследовательская деятельность, основанная на методиках Программы Международного детского экологического движения «Gloub».

Использованы методы: наблюдение, метод опроса населения, измерения, практическая работа, метод анализа и исследований, работа с книгами, энциклопедиями, Интернет ресурсами.

– Провести оборудование тропы, обозначив указателями и табличками объекты охраны;

– Открытие тропы;

– Экскурсии по станциям, пропаганда, консультации учащихся и местных жителей;

– Разработать и выпускать буклеты с призывами по охране, информационные таблички и листовки для экологического просвещения населения;

3 Обобщающий

– Обобщение материалов деятельности;

– Распространение опыта работы на экологических тропках.

Ожидаемые результаты:

– Овладение практическими умениями и навыками рационального природопользования;

– Соблюдение правил поведения в окружающей среде;

– Проведение простейших опытов и экспериментов;

– Осознание важности участия в природоохранных делах;

– Самостоятельный выбор объекта своей экологической деятельности;

– Создание сборника творческих работ, портфолио;

– Участие в конкурсах экологического направления

На экологической тропе воспитание и обучение имеют общий смысл процесса обучения. Ученики получают здесь знания не только научные знания о природе, но и экологические нормы. Все знания которые были получены на тропе, направлены на решение одной из самых главных задач настоящего времени – достичь единства природной среды и человека. Природа сама учит и воспитывает тех кто хранит её ценности.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Борейко В. Е. Дорога к заповеднику. – М., 1996. – 120 с

### ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІСІ

ӘЛИЕВА Ж. Ғ., НАҒАШЫБАЕВА П. Ж.

оқытушылар, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ. БЕКЕТБАЕВА А. Ә.

№ 45 мектеп-гимназиясы, Қызылорда обл., Шиелі ауд.

Тыныс алу жүйесі мүшелерінің жас ерекшелігі. Тыныс мүшелері мұрыннан басталады. Тыныс жолдары екіге бөлінеді: 1) дем алғанда және дем шығарғанда ауаның жылжитын қуыстары; 2) ауа мен қанның арасында газдардың алмасын орын – өкпе альвеолалары.

Тыныс алуға қатысатын мүшелер тыныс алу жүйесін құрады. Бұл жүйенің мүшелерін екіге бөледі: тыныс жолдары және баста тыныс алу мүшесі - өкпе.

Ауа сырттан өкпеге және өкпеден сыртқа қозғалатын қуыстар – тыныс жолдарына мұрын қуысы, көмей, кеңірдек және бронхылар жатады. Дегенмен, тыныс жолдарының қызметі ауаны өткізу ғана емес. Мұрын қуысында, көмейде, кеңірдекте және бронхыларда дем алғанда ішке кіретін ауа шаңнан, микробтардан тазартылып, тыныс жолдары мен өкпе қуысының шырышты қабаты кеуіп қалмау үшін ылғалдандырылып, өкпені суық ауаның әсерінен сақтау жылытылады [1].

Тыныс алу жүйесінің маңызды бөлігі – өкпе. Бұл бронхылардың ұсақ тармақтарының қуыстарының жасалған альвеолалар мен серпімді дәнекер ұлпалардан тұратын жұп мүше. Альвеолалар немесе өкпе қуыстары өте ұсақ, шар тәрізді домалақ, оларды микроскоп арқылы ғана көруге болады. Олардың қабырғалары

жұқа, көптеген қан тамырларының капиллярларымен қоршалған. Өкпе альвеолаларының жалпы ауданы 200 м<sup>2</sup>. Мұндай құрылыс альвеолалардағы ауаның және қанның құрамындағы газдардың тез алмасуын қамтамасыз етеді.

Өкпенің дәнекер ұлпасы өте серпімді және өкпенің жиырылу күшін қамтамасыз етеді. Ішкі күш деп аталатын өкпенің жиырылу күші дем алу және дем шығаруда аса маңызды [2].

Тыныс алу жүйесінің құрылысы мен қызметі адамның жасына, жынысына және жеке басының ерекшелігіне байланысты.

Жаңа туған сәбидің өкпесінің ұлпасы нашар дамыған, бірақ қан тамырларына өте бай болады. Алғашқы 3 айлық өмірінде және жыныстық жетілу шағында өкпе қарқынды өседі. Өмірінің алғашқы кезінде барлық нәрселер ішпен дем алады, бірақ жүре бастағанда баланың кеудесі төмен түседі де, диафрагмалық - кеуделік дем алу пайда болады. Дем алудың минуттық мөлшері дене салмағымен салыстырғанда бала өсе келе азаяды: жаңа туған сәбиде – 220 см<sup>3</sup>, 6 жаста 168 см<sup>3</sup>, 14 жаста таман 128 см<sup>3</sup>, ал ересек адамда 96 см<sup>3</sup>.

Дем алу көлемі жаңа туған сәбиде – 25 см<sup>3</sup>, 1 жаста – 80 см<sup>3</sup>-ге дейін артады, 2 жаста – 140 см<sup>3</sup>, ересек адамда – 400 см<sup>3</sup>. Өкпесінің мөлшері жаңа туған сәбиде – 53 см<sup>3</sup>, 1 жаста – 210 см<sup>3</sup>, 13 жаста – 707 см<sup>3</sup>, 20–25 жаста – 1680 см<sup>3</sup>, ал 30–40 жаста орта шамамен 1788 см<sup>3</sup>.

Өкпе альвеолаларының диаметрі ересек адамда 0,2 мм, ал жаңа туған сәбиде – 0,07 мм. Олай болса өкпенің жалпы көлемі жаңа туған балада – 1,617 см<sup>3</sup>, ал ересек адамда – 67,7 см<sup>3</sup>. Осы көрсеткіштерді пайдаланып ғалымдар өкпенің шар тәрізді альвеолаларының әрқайсысының көлемі жаңа туған нәрестеде 4,108 тең болатынын есептеп шығарған. Олай болса, өкпе қуыстарының жалпы ауданы жаңа туған сәбиде – 6 см<sup>2</sup>, ересек адамда – 50 м<sup>2</sup>, яғни 8 есе артық.

Көмейдің жалғасы кеңірдектің ұзындығы балаларда – 4 см, 10 жаста – 7 см, ересек адамда – 10–12 см [3].

Кеуде қуысының пішіні адамның жасына және жынысына байланысты өзгереді. Туған кезде баланың кеуде қуысы конус тәрізді болады, себебі ұрық кезінде өкпе нашар дамыған, ал бауыры қарқынды өсіп, дамиды. Баланың кеуде қуысы көтеріңкі болып, қабырға сүйектері ересек адамдардағыдай төмен түспейді. Сондықтан бала терең дем алып, дем шығара алмайды да, қажетті мөлшердегі ауа мен оттегін тынысының жиілігі арқылы қамтамасыз етеді. Қабырға сүйектерінің қиғашталуы күшейе бастағаннан кейін терең дем алатын мүмкіндік туғаннан соң дем алу жиілігі азаяды. Қартайғанда қабырға аралық еттердің әлсіздігіне байланысты

қабырғалардың қиғашталуы артады. Әйел адамның кеуде қуысы ерлермен салыстырғанда қысқарақ келеді [4].

Сонымен қатар, тыныс алу кезінде клеткалар оттегін сіңіріп, көмірқышқыл газын бөліп шығарады. Бұл тыныс алу кезінде клеткаларда күрделі процестердің сыртқы көрінісі. Бұл сыртқы тыныс алу процесі кезінде орындалады.

Клеткаларға оттегінің келуін өте аз уақытқа тоқтатудың өзі олардың тіршілігінің жойылуына себепші болатыны түсінікті. Міне, сондықтан да қоршаған ортадан бұл газдың еніп тұруы – организм тіршілігінің қажетті шарты. Шындығында да, адам тамақсыз бірнеше апта, сусыз – бірнеше тәулік өмір сүре алады, ал оттегісіз – бар болғаны 5-9 мин ғана өмір сүре алады [5].

Тыныс алу актісі. Өкпенің серпінділігі. Тыныс алу актісі өзара алмасып тұратын екі фазадан – тыныс алу және тыныс шығарудан тұрады.

Жаңа туған нәрестенің алғашқы тыныс алуы бірқатар факторлардың нәтижесінде организмнің өзгеріске ұшырауына байланысты: 1) планцентарлық қан айналуының тоқтауы және жаңа туған нәрестенің қанында көмірқышқыл газының жинақталуы; 2) ол тап болған ауа ортасының анағұрлым төмен болуы; 3) ауа атмосферасы қысымының анағұрлым жоғары болуы. Тыныс тарту бұлшық еттері жиырылу арқылы кеуде қуысының көлемін кеңейтеді де, тыныс жолдары, әсіресе, түйіршіктер ауаға толады, оның химиялық құрамы тыныс алу процесінде ұдайы өзгеріп отырады.

Тыныс алу актісі – бұл қабырға аралық бұлшық еттер жиырылуының белсенді процесі. Сыртқы бұлшық еттердің жиырылуы тыныс алуды, ал ішкі бұлшық еттердің жиырылуы тыныс шығаруды қамтамасыз етеді.

Тыныс алу актісіне кеуде қуысын қоршап тұрған барлық бұлшық еттер: кеуденің үлкен, кіші арқаның тіс тәрізді аса жалпақ және ұзынша бұлшық еттері қатысады. Тыныс алу тыныс шығаруға ұласады да, нәтижесінде қабырға аралық бұлшық еттер босаңсып, кеуде қуысы төмен түседі, өкпе ұлпасы қысылып, түйіршіктерден, кеңірдек тарамынан, түйіршік қуыстарынан ауаны айдап шығарады. Бұл жағдайда өкпе ұлпаларының серпінділігі мен кеуде қуысының көлемінің кішіреюінің орсана зор маңызы бар [6].

Балалар өкпесінің ұлпалары анағұрлым серпінді келеді, сондықтан тыныс алуды жүзеге асыратын бұлшық еттер пайда болатын қарсылықты жоюға көп энергия жұмсайды. Мәселен, 8 жастағы балалардың тыныс алуға қатысатын бұлшық еттерінің



жұмысы ересектер бұлшық еттерінің жұмысынан 2,5 есе артық. Баланың жасы неғұрлым кіші болған сайын, бұл жұмсалатын шығындар соғұрлым көп болады.

Тыныс алу бұлшық еттерінің төзімділігі мен іскерлігі қыз балаларда 13–14 жасқа дейін, ер балаларда 17 жасқа дейін ұлғаяды. Демек, жас өспірімдік кезең – тыныс алуды дамытуға ең қолайлы кезең.

Тыныс алу кезіндегі кеуде қуысы көлемінің өзгеруіне қарай тыныс алудың үш типі болады: кеуделік, қарындық және аралас немесе кеуделік-қарындық. Жаңа туған нәрестенің тыныс алуы қарындық тыныс алуға жатады. Олардың кеуде тынысы тек жатуға байланысты ұдайы тыныс алу күйінде болады. 7 жасар балаларда тыныс алудың кеуделік типі анық байқалады. 10 жастан бастап тыныс алудың жыныстық ерекшеліктері көрініс бере бастайды: қыз балаларда тыныс алудың кеуделік типі, ер балаларда қарындық типі орныға бастайды. Кейде тыныс алудың кеуделік типін қабырғалық, ал қарындық типін диафрагмалық деп те атайды, бұл тыныс алу актісінің біртұтас жүйелі табиғатын дұрыс көрсетті [7].

Тыныс алу жиілігі. Тыныс алудың жиілігі кеуде қуысы немесе қарын бұлшық еттерінің 1 минутта жасаған қозғалысымен анықталады және ол организмнің оттегіне деген физиологиялық сұранысына тәуелді болады.

Жас балаларда газ алмасудың жоғарылығына байланысты оттегін пайдалану ересектерге қарағанда едәуір үлкен. Баланың жасы ұлғайған сайын оның тыныс алуы сирей түседі. Жаңа туған нәресте минутына 40–60 рет тыныстайды: төменгі сынып оқушыларында 22–20, 12 жастағыларда – 18, ал жоғары сынып оқушыларында нормаға жақын – минутына 16 рет.

8 жасқа дейінгі ер балалардың тыныстау жиілігі қыз балаларға қарағанда жоғары, ал жыныс мүшелерінің жетілу кезеңіне қарай қыз балаларда тыныстау жиілігінің арта түсуі байқалады. Әйелдермен бірдей ортадағы еркектердің тыныс алуы өкпе көлемінің үлкендігіне байланысты едәуір сирек болады. Тыныс алу жиілігі ауыр және ой еңбегін атқару үстінде, эмоциялық қозу, нервтің ауытқулары кезінде өзгеріп отырады.

Тыныс алу жиілігі мен жүрек қызметінің белгілі бір тәуелділікке болатындығы анықталған. Мәселен, бір тыныс алу актісінде балаларда қан тамыры 3–4 рет, ал ересектерде 4–5 рет соғады. Бірақ, бұл жағдайда адамның көңіл-күйі өзгеруі тиіс [8].

Тыныс алудың тереңдігі – организмнің сыртқы тыныс алу аппараты қызметенің көрнекі көрсеткіштерінің бірі. Ол бір тыныс алу

кезіндегі өкпеге келіп түсетін ауаның мөлшері арқылы анықталады. Жұтылған ауа сонша мөлшерде шығарылады. Жаңа туған нәрестенің тыныс алу мөлшері 20 мл-ге тең, 1 жасқа толарда ол 70 мл, 5 жасар балада – 151 мл, ал 12 жаста – 260 мл болады. Ересектерд ежұтылған ауаның көлемі 400-ден 900 мл-ге дейін өзгеріп отырады.

Өкпенің бір минуттағы ауа айнылымы немесе бір минуттық көлемі деп бір рет тыныс алу көлемінің бір минутта жасалған тыныстау жиілігіне қатысын айтады. Мәселен, ол 5 жасар балада 5800 мл, 12 жастағыда – 7000–9000, 14–15 жастағыларда – 6400 мл-ге тең. Ересектерде ол 6000–8000 мл, әйелдерде – 5000 мл. Осылайша, өкпедегі ауаның минуттық айналымы IV-V сынып оқушыларының тыныс алуы төменгі сынып оқушыларынан гөрі анағұрлым үнемді бола бастайды. Бұл тыныс алу механизмдерінің өсуі мен жетілуінің нәтижесінде зат алмасу деңгейінің төмендеуі арқылы түсіндіріледі. Балалар өкпесіндегі ауаның минуттық айналымының дәрежесі өте тұрақсыз. Ол жасқа, жынысқа және қоршалған ортаның температурасына, сондай-ақ физикалық еңбек пен көңіл-күй жағдайына байланысты. Төмен температурада минуттық көлем азаяды. 20 °С және одан жоғары жағдайда ұлғаяды. Ол нәрестенің мінез-құлқы мен көңіл-күйіне байланысты. Минуттық көлем физикалық қысым үстінде күрт көтеріледі. Бұл тыныс алудың жиілеуінен, ал шыныққан адамдарда тыныс алудың тереңдеуінен пайда болады. минуттық ауа айнылымы кеуде қуысының көлеміне байланысты ер балаларда қыз балаларға қарағанда көбірек болады [9].

Өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС). Өкпенің тіршілік сыйымдылығы, яғни өкпеге кіретін және шығатын ауаның мөлшері адамның жасына, жынысына, тыныс алу типіне, көкірек сарайы сүйектері мен мускулатурасының жетілуіне сай өзгереді. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда тыныс алу көлемі орта есеппен 350 мл, ал адам қалыпты жағдайда дем алғанда өкпеге 300–500 мл ауа кіреді. Мұны дем алу ауасы деп атайды. Қалыпты жағдайда жай ғана дем алғаннан соң, демін шығармай тұрып, тағы да 1,5–2 литрдей ауаны сіңіруге болады. Мұны қосымша ауа деп атайды. Қалыпты дем шығарудан кейін дем алмай тұрып, тағы да күшпен дем шығарып 1–1,5 литрдей ауаны сыртқа айдауға болады. Бұл қордағы ауа. Егер дем алу, қосымша және қордағы ауаны қосса, өкпенің тіршілік сыйымдылығы шығады [10].

Өкпенің тіршілік сыйымдылығы, мәселен, 6–7 жастағы балаларда – 1400 мл, 9 жастағыларда – 1700 мл, 11 жастағы балаларда – 2100 мл, 14–15 жастарда – 2700 және 16 жастағыларда

– 4200 мл-ге тең. 17 жаста өкпенің тіршілік сыйымдылығы ересек адамдармен бірдей болады (кесте 1). Қыз балаларда ол 100–300 мл аз. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы әрбір адам 5 см өскен сайын орта есеппен 400 мл-ге ұлғаяды және организмнің шыныққандығы мен тыныс алу типіне тәуелді.

Кесте 1 – Балалар мен жас өспірімдердің өкпесінің тіршілік сыйымдылығы

Бала	Жасы					
	6	7	10	12	15	17
Ер бала	1200	1400	1630	1975	2600	3520
Қыз бала	1100	1200	1460	1905	2530	2760

Тыныс алу жиілігі де баланың жасына лайық өзгереді (кесте 2)

Кесте 2 – Тыныс алу жиілігінің адамның жасына сай өзгеруі

Жасы	1 мин тыныс алу жиілігі, рет
1	44
5	26
15-20	20
20-25	18
25-30	16
30-35	18

Жас өспірімдік кезеңде спортпен айналыса бастаған адамдарда мұның көрсеткіші ерекше үлкен болады. Тыныштық жағдайда балалар тыныс алудың үлкен қорын сақтай отырып, өкпенің тіршілік сыйымдылығының бір бөлігін ғана пайдаланады. Балалардың өкпе альвеоласындағы газ бен дем шығарғандағы газдың құрамында айырмашылық бар. Балалардың альвеолалық газының құрамында оттегі көбірек болып, көмірқышқыл газы азырақ болады. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым бұл айырмашылық көп болады.

Баланың дем алуды реттеу қабілеті де нашар, бұл баланың сөйлеу қабілетімен бірге жетіледі де, 11-12 жаста ересек адамдармен бірдей болады. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын спирометр деген арнайы құралымен өлшейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арынова Р.А., Тыныс алу, жүрек және бейімделу физиологиясы, Техноэрудит, 2021

2 Торманов Нұртай., Адам физиологиясы : оқулық. 1-ші кітап / Н. Торманов, С. Төлеуханов. - Алматы : Бастау, 2015. - 344 б.

3 Абдрешов С.Н., Экологическая физиология человека: Учебное пособие. - Алматы : Экономика, 2009. - 224 с.

4 Ибадуллаева С.Ж., Сопряженность параметров иммунной, эндокринной и кардиореспираторной систем у жителей Приаралья и немедикаментозные методы повышения их функциональных возможностей . - Кызылорда : Компас Кызылорда, 2009. - 259 с.

5 Кирпичев В.И., Физиология и гигиена подростка : Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. - Москва : Издат. центр «Академия», 2008. - 208 с.

6 Солодков А.С., Физиология человека:Общая,спортивная,возрастная: Учебник для высш.учеб.завед.физ.культуры. - 2-е изд.испр. и доп. - Москва : Олимпия-Пресс, 2005. - 528 с.

7 Безруких М.М. Возрастная физиология: физиология развития ребенка: учеб. пособие/М.М.Безруких, В.Д.Сонькин, Д.А. Фарбер. - М.: Академия, 2003. - 414с.

8 Обреимова Н.И. Основы анатомии, физиологии детей и подростков: Учеб. пособие/Н.И.Обреимова, А.С.Петрухин. - М.: Академия 2000. - 373с.

9 Сапин М.Р. Анатомия и физиология человека с возрастными особенностями детского организма: учебник/М.Р.Сапин, В.И.Сиврглазов. - 7-е изд., стер. - М.: Академия 2009. - 383с.

10 Алиакбарова З.М. Мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасының негіздері. Алматы, 1993.

## МИКРОЗЕЛЕНЬ – ОПЫТ ВЫРАЩИВАНИЯ В СТЕНАХ ШКОЛЫ

БЕГАЙДАРОВА К. Д., СУНДЕТОВА Г. К.

учителя географии, Мичуринский комплекс «Школа-ясли-детский сад»,  
Западно-Казахстанская обл., Район Бәйтерек, п. Мичурино

БАРБУХИН С. А.

ученик 7 класса, Мичуринский комплекс «Школа-ясли-детский сад»,  
Западно-Казахстанская обл., Район Бәйтерек, п. Мичурино

Многие жители западных и северных регионов республики сталкиваются с авитаминозом или просто слабым иммунитетом. Причина может быть связана с погодными условиями и местом проживания. Решением этой проблемы может быть именно изучение растений, потому что идет процесс выявления их пользы для здоровья человека. Всем известно, что растения обладают различными свойствами.

Актуальность данной темы заключается в том, что в холодные сезоны, видна острая нехватка витаминов в организме человека. Одним из решений этой проблемы мы предлагаем выращивание микрозелени. Из-за высокого содержания полезных веществ такая пища считается очень перспективной, и её потребление неуклонно растёт. Главными темами которые мы хотим осветить в данном проекте являются выращивание, уход за ростками и выявление полезных свойств молодых растений. Расчет прибыли от выращивания микрозелени. Определение чистого дохода от продажи микрозелени.

Предметом исследования выбраны бобы гороха овощного, семена Дайкон микс, рукола культурная индау, подсолнечник микрозелень, петрушка листовая Богатырь. Нашим методом исследования стало неструктурированное наблюдение – это наблюдение, при котором определен только объект наблюдения. Так как мы высаживаем их в первый раз и нам необходимо узнать чистый результат, без экспериментов [1, 2].

Микрогрин начали использовать шеф-повара ресторанов для декора блюд еще в 1980 году в Сан-Франциско. С 1990 года фермеры начали выращивать микрогрин в Южной Калифорнии, затем это приобрело популярность на востоке. Сначала было не очень много разновидностей – руккола, базилик, кинза, смесь зелени под названием – Rainbow Mix. Затем их число разновидностей увеличилась, позже начали выращивать в Европе [3, 5].

Очень много ресурсов, где дана информация про микрозелень. Например: интервью, в котором молодые предприниматели построили свой бизнес благодаря выращиванию микрозелени.

«Изначально Антон Бельтоков начал выращивать микрозелень для личных нужд – чтобы у его семьи было здоровое питание. Но через какое-то время товарищ и нынешний деловой партнёр Павел Паходин убедил его в том, что микрозелень может стать отличным бизнесом. В итоге партнёры запустили компанию «Сеем семена», которая в настоящий момент охватила своей продукцией всю Россию и уже вышла на рынки других стран. О том, что такое микрозелень и как на ней заработать». Микрозелень – молодые побеги растений, которые используются как в пищу, так и для украшения блюд. Ее используют в салатах, супах, коктейлях других напитках и блюдах. Из-за высокого содержания полезных веществ такая пища считается очень перспективной, а ее потребление неуклонно растёт.

Микрозеленью называют пророщенные растения в фазе листьев семядоли + 1–2 настоящих листа. Высота такого растения составляет около 5–15 см. Обычно от посева до сбора урожая проходит 5–12 дней.

Микрозелень следует отличать от проростков, которые обычно имеют только выпущенный корешок. Также ее следует отличать от взрослой зелени.

Микрогрин – это молодые ростки овощных растений и трав. Миниатюрная зелень выращивается в специально созданных для этого условиях. Ростки содержат повышенное количество питательных веществ, витаминов, минералов, аминокислот и пр. Объясняется это тем, что они находятся только на старте своего развития и по максимуму используют запас питательных веществ семени.

Иногда микрогрин (микрозелень) путают с проростками – это разные стадии развития растения. Проростки это только проросшие семена и съедают ее полностью, в то время как у микрозелени семечко остается в субстрате и съедаются только верхушки с листиками.

В молодых ростках большое содержание витаминов Е, К, С так как урожай собирают на ранних стадиях прорастивания и растение не успевает впитать вредоносные и злокачественные токсины. Семядоли являются плотным вакуумом для питательных веществ и тем благодаря чем растение будет проживать до тех пор пока не закрепится в земле и не пустит корни.

В качестве микрозелени выращивают как традиционную зелень: салат, лук, укроп, петрушка, кинза и другие, так и растения,

в качестве зелени используемые редко: редис, дайкон, свекла, подсолнечник, рукола.

Технология выращивания микрозелени и проростков семян легкая. Многие небольшие хозяйства выросли, продавая свою зелень на фермерских рынках или в ресторанах. Мелкий пластиковый контейнер с дренажным отверстием облегчит прорастание и дальнейший рост в небольших масштабах. Для выращивания микрозелени не обязательно требуется искусственное освещение, потому что она может расти при различных условиях освещения, в том числе при непрямом естественном свете, но они нуждаются в постоянном уходе и влажности. Когда проростки достигают одного сантиметра, через несколько дней их можно употреблять. Микрогрин рекомендуют не держать долго в холодильнике – использовать сразу. Сохраняют до двух дней в холодильнике [4,6].

В состав пророщенной микрозелени гороха входит повышенное количество антиоксидантов. Благодаря этому регулярное употребление растительного продукта снижает риск развития онкологических заболеваний.

Очень популярным растением является подсолнечник. Его ростки имеют маслянистый вкус благодаря маслам и лецитину, кобальту, цинку.

Рукола. Имеет горьковатый ореховый привкус. Ее польза заключается в том, что она является источником йода и содержит витамин С, который укрепляет стенки сосудов. Микрозелень руколы способна повысить гемоглобин и имеет свойство выводить холестерин.

Соя – данная культура является незаменимым источником белков и железа. Для многих веганов, вегетарианцев является лучшей заменой продуктом мясного происхождения.

Молодые пшеничные ростки содержат почти все витамины и другие ценные элементы. При регулярном употреблении пшеничных проростков можно добиться реальных лечебных эффектов: витамины группы В стабилизируют деятельность нервной системы. Если у человека затяжной стресс или депрессивное состояние, их допустимо принимать регулярно, магний снижает артериальное давление и способствует выведению из организма «плохого» холестерина.

Важно помнить о противопоказаниях. У некоторых людей может вызвать аллергическую реакцию: покраснение глаз, чихание, покраснения на коже, чесотку.

Часто человек осведомлен какие продукты ему моно употреблять, а какие нет т.к в процессе жизни мы замечаем за собой такие изменения. Если аллергии нет, то не торопитесь съесть большую порцию. Лучше попробовать небольшой росток и подождать 15 минут, если изменений в состоянии не наблюдается, то можно спокойно добавлять в свой рацион [7].

Рекомендуемая дозировка любой зелени на сутки 50-80 гр. Этой нормы стоит придерживаться дабы предотвратить вздутие и д.р расстройство.

Первым основным преимуществом микрозелени является нетребовательность к условиям производства: проращивание не требует много места, света и тепла. Вторым преимуществом является быстрая оборачиваемость посевного материала и большинство болезней растений просто не успевают развиваться за время, проходящего от посева до сбора урожая.

Основным недостатком является необходимость постоянной закупки семян, причем к семенам предъявляются высокие требования по чистоте, они не должны содержать токсичных следов протравки, пестицидов, гербицидов и так далее [8,9].

Главными свойствами продуктов является повышенное содержание витаминов. Молодые побеги растений, которые используются как в пищу, так и для украшения блюд. Её используют в салатах, супах, коктейлях, смузи, других напитках и блюдах. Из-за высокого содержания полезных веществ такая пища считается очень перспективной, а её потребление неуклонно растёт.

Все виды микрозелени играют роль профилактической, противовоспалительной и восстанавливающей добавки, улучшающей обмен веществ и пищеварение, работу сердечно-сосудистой и центральной нервной системы, состояние кожи и волос, укрепляющей иммунитет и защищающей от старения и стресса.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Энциклопедия «Что? Зачем? Почему? Большая книга вопросов и ответов»/ Л. Кондрашова – Москва: Эксмо, 2019. - 510 с.

2 Энциклопедия «Растения»/А.А. Спектор - Москва: ООО «Издательство АСТ», 2014. - 191 с.

3 Словарь биологических терминов/ - Москва: Издательство: Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова, 2013. - 288 с.

4 Технология выращивания микрозелени в домашних условиях [Электронный ресурс] – <https://www.fertilizerdaily.ru/20200508-vyrashhivanie-mikrozeleni-v-domashnix-usloviyax-kak-biznes-ideya/>

5 Пищевая ценность и калорийность проростков микрозелени [Электронный ресурс] – <https://pro-rostki.ru/infografika/tablitسا-kaloriynosti-prorostkov/>

6 Микрозелень: состав, польза и вред. [Электронный ресурс] <https://yandex.ru/turbo/tutknow.ru/s/meal/16630-mikrozelen-sostav-polza-i-vred/>

7 Польза микрозелени. Какую выбрать для выращивания в домашних условиях? [Электронный ресурс] – [https://greenportal.pro/healthy\\_food/mikrozelen-chto-eto-i-chem-ona-polezna/](https://greenportal.pro/healthy_food/mikrozelen-chto-eto-i-chem-ona-polezna/)

8 Микрозелень. Все о суперфуде [Электронный ресурс] – <https://www.delikateska.ru/lenta/340>

9 Химический состав и пищевая ценность [Электронный ресурс] – [https://health-diet.ru/table\\_calorie\\_users/1103195/](https://health-diet.ru/table_calorie_users/1103195/)

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫҢ ЗИЯНЫ МЕН ПАЙДАСЫ

ЕРЖАНОВА А. А.

6 сынып оқушысы, №3 Успен ЖОББМ

САТЫБАЛДИНОВ Е. А.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі және магистрі,  
Павлодар обл., Успенка ауд., Успен ауылы

Бұл жоба бүгінгі күнде халық көп пайдаланатын және адам ағзасына зиянды энергетикалық сусындардың зиянын зерттеуге арналған.

Бұл күндері энергетикалық сусындарды көптеп пайдалану адамзаттың түрлі дертке шалдығуына себеп болуда. Себебі, оның құрамында біз біле бермейтін түрлі қоспалар кездеседі. Ол адам ағзасын әлсіретіп, денедегі қан айналымын бұзып, ас қорыту жүйелеріне кері әсер етіп, түрлі ауруларға жол ашып береді. Қазақта «Дені саудың – жаны сау», «Бірінші байлық – денсаулық» деген жақсы мақалдар бар. Бұл ұлы сөздердің тереңіне үңілсек, бізге, яғни адам баласына денсаулықтан қымбат, денсаулықтан қадірлі еш нәрсе жоқ екенін түсінеміз. Олай болса, сау қылып жаратқан он екі мүшемізді өз қолымызбен ауруға апармайық.

Жобаның басты міндеті: Энергетикалық сусындардың құрамындағы заттар мен олардың адам денсаулығына келтіретін зиянын көрсету. Оларды күнделікті өмірде қолданудың аса қауіптілігін дәлелдеу.

Жобаның мақсаттары: Өсіп келе жатқан ұрпақтың қандай сусындарды пайдаланып жүргенін анықтау; олардың адам ағзасына келтіретін зиянын зерттеу; келтірілген зияндармен күресу жолын іздеу.

Зерттелетін зат: – «DIZZY», «ZET», «GORILLA», «FLASH», «R EDBULL», энергетикалық сусындары.

Бұрын қазақтардың өмір сүру ортасы, мәдениеті мүлде бөлек болатын. Қазіргідей, шаң мен газ басқан қалада тұрған жоқ, даланы, табиғат аясын мекен етті. Олар суыққа да, ыстыққа да шыдамды болады. Ол үшін, әрине, энергия қажет. Сол энергияның негізін олар етті, майлы тамақтан алып отырды. Бірақ үнемі қозғалыста жүретін олардың ағзасында бұл ауыр тамақтар тез қорытылып кететін.

Қазіргі жағдай мүлде бөлек. Басқаша айтқанда, жаңа өмірге бейімделіп жатырмыз. Яғни, өмір сүру ортамыз энергияны аз жұмсауға негізделген. Қимыл-қозғалысымыз азайды, артық энергияны қажет етпейтін болдық. Бала күнімізде әжелеріміз «аталарың бір қойдың етін жалғыз өзі жейтін» деп айтып отыратын. Соның сыры, міне, осында. Қаншалықты энергияны көп жұмсаған, төбетің соншалықты ашылады.

Ата-бабамыз етті көп жеген, деп, етті артығымен жеу, дәрумендердің жетіспеушілігіне әкеледі. Ол өз кезегінде ағзаның қорғаныс қабілетін әлсіретеді. Жалпы дұрыс тамақтанбау – қоғамдағы аурулардың 60 пайызының негізгі себебі болып табылады.

Кеңес одағы біздің халықты қалай тамақтануға үйретті. «Алдымен салат же, одан соң сұйық тамақ, кейіннен қою тамақ, ең соңынан шәй, компот іш» деді. Одақ бойынша барлық асхана, мейрамханалар міне осы тәртіпті ұстанды және әлі күнге бұлжытпай орындап келеді. Бұл тамақтанудың ең қате түрі. Салат асқазанда сілтілік ортаны қалыптастыратын нәрсе. Асқазан сөлі салаттан кейін ет сияқты қою тамақтарды қорытуға шамасы келмейді. Қорытылмаған астың бөрі асқазанда жатып қалады да түрлі аурулар пайда болады. Ет жеген соң газды минералды су ішу өте үлкен қателік. Газдалған су асқазандағы еттің сыртына айнала жабысып алады да оның қорытылуына бөгет жасайды.

Ғалымдардың айтуынша газдалған сусындарды шамадан тыс тұтыну бауыр ауруларына әкеп соқтырады. Тәтті газдалған сусындар. Жоғарыда айтылып кеткен сусындардың құрамында: көп

теген консерванттар, ароматизаторлар, бояулар мен қоюландыратын заттар. Бүкіл тәтті газдалған сусындарда көмірқышқылы бар. Бұл қышқылдық әсерінен асқазанын үрленуі мен кекірік пайда болады. Тәтті газдалған сусындарда құрамында тағы химиялық қоспалардың бүкіл түрлері қолданылған. Яғни сусының дәмін, иісін, түсін жақсарту үшін.

Бүгінде дүкен сөрелерінде самсап тұрған «куаттандырғыш» сусындар үлкен сұранысқа ие. «Еңбектеген баладан, еңкейген кәрінің» аңсарын арбап, көзжауын алған сиқырлы сусын иісі мұсылманның қасиетті зәмзәм суын жолда қалдырып, көпшіліктің шөл басарына айналған. Әсіресе, жас-өспірімдер жарнамадағы «куат береді» деген сөзге арбалып, күнделікті өмірде денсаулықтарына аса зиян сумен тамағын жібітіп, шөліккеген көңілге азық етіп жүр.

Еліміздің нарығында «Диззи», «Редбул», «Монстер» секілді энергетикалық сусындар ашықтан-ашық сатылуда. Жастар да, мектеп оқушылары да осы бір «сиқырлы сусынға» әуестеніп алған. Себебі, оның жарнамасы керемет. Ұйқыны ашып, күш беріп, сергек жүруге көмектесетін сусын әсіресе балалардың ағзасына өте зиянды.

Оған дәлел, энергетикалық сусындарды жиі пайдаланатын мектеп жасындағы балаларды тексергенде, олардың бауыры 35 жастағы маскүнемнің бауырымен бірдей болатындығы анықталды. Бұл улағыш сұйықтықты балалар көп ішсе, жастайынан түрлі ауруларға шалдығады екен. Жүрек дертіне, жүйке жүйесі, асқазан, бауыр, тіпті қатерлі ісікке апаратын мұндай сусындарды пайдаланбаған жөн. Бұл сусындар бастапқыда спортпен шұғылданатын адамдарға белгілі бір күш-жігер қажет болғанда қолдану үшін ұсынылған болатын. Алайда, аталған сусынды жиі пайдаланғандардың ойлау қабілеті тежелетіндігі анықталды.

Біздің елімізде де осындай шырындар нарығы қарқынды дамып келеді. Осыдан барып, панкреатит, қарын асты безінің ауруы пайда болады. Бұл аурулардың қаншалықты қиын да қияметі көп екенін білсе де қазіргі заманда еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін көптеп пайдаланып келеді. Олай болса, солардың ішіндегі «Кока-кола» мен «Энергетикалық сусындардың» құрамы, жасалу жолдары мен адам ағзасына әсері, тұрмыста қолданылуына тоқталып кетсек.

Саламатты өмір салтын насихаттау әрқашан да мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді. Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «ұлттың денінің саулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» деп атап көрсетті.

Энергетикалық сусындардың зияны жайлы естісек те, олардың нақты қандай зияны бар екенін біле бермейміз. Ал дүкендерде бұл ғажайып сусынның еркін таралуы мен қолжетімділігі денсаулыққа алаңдамауға болатындай әсер береді.

Бағасы да қолжетімді, сүп-сүйкімді құтыларға құйылған энергетикалық сусындарды алып жүру де ыңғайлы. Шамамен алғанда 200 теңгеден басталатын сусындардың тұтынушылары – көбінесе жастар. Оларды демалыс орындарында, дәмхана, түнгі клубтарда пайдалануды сән ретінде дағдыға айналдырса, студент жастар, мектеп оқушылары кезекті емтихан мерзімі жақындаған уақытта күш-куат көзі ре-тінде ішуді дәстүрлі, қалыпты жағдайға жеткізген.

Шынымен де «куат бергіш сусыннан» бір ұрттасаңыз болғаны көңіліңіз жайланып, сарайыңыз ашыла түседі. «Қуатты сусынның» құпиясы, әрине, құрамындағы алкоголь қосындылары мен адамның тәнін, миын еліктіргіш химикттардың болуында. Көбіне бұл жағдайды балаларды былай қойып өзіміз ескере бермейміз. Естір құлақ болса, дәрігерлер аталмыш сусынның зиянын айтудай-ақ айтып келеді. «Қуатты сусынды» көп тұтыну адам ағзасына кері әсер етіп, ұйқысыздық, депрессия, жүйке жүйесінің бұзылуы сияқты дерттерге әкеліп соқтырады деп», дабыл қағуда. Сондай-ақ, дәрігерлер жас баланың азғасы мұндай ішімдіктің түріне лезде дағдыланып кететінін, бұндай жүгенсіздіктің соңы кісіні маскүнемдікке жетейлейтінін де жоққа шығармайды.

Энергетикалық сусын құрамы негізінен кофеин, таурин атаулы адам ағзасына тез сінетін көмірсулар мен қосымша дәрумендерден тұрады. Сусынды ішкен сәтте қосымша қуатты қозғағыш пайда болғандай әсер ететіні де рас. Өйткені, оның құрамында кофеин мөлшері өте көп. Және кофеинге әркімнің сезімталдығы әртүрлі. Соған байланысты ағзаны тез тыңайтқандай әсер береді. Шын мәнісінде зияндылығы басым.

Қазақ тағамтану академиясының қызметкерлерінің айтуынша, бұл сусын адамды алкоголь мен есірткі секілді өзіне тәуелді етеді. Тіпті бұл ғылыми түрде дәлелденген. Оның құрамында кофеин, эфедрин, адреналин мен никотин қышқылы, басқа да синтетикалық қоспалар асқазанда жара пайда болуына, жүрек-қан тамырларының тарылып, жүйкенің жансыздануына, бүйрек жұмысының бұзылып, мидың әлсіреуіне әкеліп соғады.

Ғалымдардың айтуынша газдалған сусындарды шамадан тыс тұтыну бауыр ауруларына әкеп соқтырады. Біздің елімізде осындай шырындар нарығы қарқынды дамып келеді.



Адам ағзасының 60 %-ын су құрайды. Бойдағы су тепе-теңдікті сақтау үшін адам күнделікті қажетті мөлшерде су ішіп тұруы керек. Кофе, көк шәй, газдалған салқын сусындар, минералды су т.с.с сусындардың негізін су құрайды. Алайда, судан бөлек сусындардың құрамында басқа да заттар кездеседі. Соның бірі – газ. Газдалған сусындар адам ағзасына әр түрлі әсер береді.

Әр газдалған сусында қант пен қышқылдар кездеседі. Бұл элементтер асқазанға қатты әсер етеді. Газдалған сусын ішкен адамның төбеті қашады әрі олар шөлді қандырмайды. Ал төтті-қышқылды элементтер асқазанға түскен бойда майға айналып, артық салмақтың қосылуы мен қант диабеті ауруының пайда болуына ықпал етеді. Қант диабетімен ауыратын жандар газдалған сусын орнына минералды су пайдаланғаны жөн.

Кез келген газдалған сусын құрамында көмірқышқыл газ кездеседі. Ол сусынның ұзақ сақталуына ықпал етеді. Мұндай сусындар асқазан секрециясының қабынуына, ішек сөлінің пайда болуына, созылып, ішек ауруларының пайда болуына әсер етеді. Гастрит, ішек жарасы және т.б. асқазан ауруына шалдыққан жандар газдалған сусын орнына газдалмаған минералды су, көк шәй ішкен жөн.

Дейл Сэндлер бірнеше зерттеу жүргізудің нәтижесінде фосфор адамның қанының құрамындағы кальций тұзын көбейтіп, бүйрекке тас пайда болуына әкеліп соғатынын дәлелдеген.

Мамандардың пайымдауынша, біраз уақытқа жүйке жүйесіне күш беріп, ішкі органдардың жұмысын белсенді ететін энергетикалық сусындар ағзаны қуаттандырмайды, керісінше, әлсіретеді. Себебі ол ағзаның түбіндегі қуатты бері шығарып, босқа жояды. Жүйке жүйесі мен ішкі органдар азып-тоза бастайды. Жүйкені тыныштандыру үшін оның құрамына психотроптық заттар қосылады. Бұл затқа ағза тез үйренеді, Адамның энергетикалық сусынсыз тұра алмай, соған тәуелді болуы сондықтан. Энергетикалық сусынның құрамындағы химикаттар жүрек пен жүйке жүйесіне қатты әсер етеді. Оның соңы тахикардия, жүйке ауытқуы, сөз көтере алмаушылық, депрессия, қандағы қанттың күрт артуы сияқты ауруларға шалдықтырады. Бұл сусынды аяғы ауыр әйелдер, жас балалар, жүрегі нашарлар, глаукома ауруы барлар татып алмауы тиіс.

Энергетикалық сусын аса қауіпті химикаттардан тұрады. Оны кезінде АҚШ Қорғаныс министрлігі өзінің Вьетнамдағы солдаттарына ішкізу үшін жасатқан екен. Әскердің рухын көтереді деген есеп болған, бірақ энергетикалық сусыннан солдаттар бас, бауыр ауруларына шалдыққан, қатерлі ісікке душар болған. Ал

қазіргі біздің жастарымыз осы энергетикалық сусынға әуестенгені соншалық, ол сәнге айналып барады, жаппай ішетін болды.

«Энергетикалық сусынды ішіп жүрген мектеп оқушыларының бауыры 35 жастағы ауру адамның бауырындай күйге түскен. Олар 20-ға жетпей бауыры іріген гипертоникке айналады. Бұл сусын жүрек, жүйке жүйесі, асқазан, бауырды құртады, сонынан адам қатерлі ісіктен көз жұмады».

Артықшылықтары: Энергетикалық сусындар көңіл-күйді көтеріп, ой әрекетін жақсартады. Әркім өз қажеттіліктеріне орай энергетикалық сусын таба алады. Энергетикалық сусындардың кейбірі кофеинге негізделсе, екіншісі – дәрумендер мен көмірсулардан құралған. Кофеинге негізделген сусындар түнде жұмыс істеп, сабақ оқитын студенттер мен қызметкерлерге арналған, ал дәруменді-көмірсулы сусындарды бос уақытын спортзалда өткізгісі келетін белсенді адамдарға пайдалануға болады.

Энергетикалық сусындар дәрумендер кешені мен глюкозадан тұрады. Дәрумендердің пайдасы бәріне мәлім. Глюкоза болса қанға тез сіңіп, қышқылдандыратын процестерге қатысады және бұлшық ет, ми және басқа да маңызды мүшелерді энергиямен қамтамасыз етеді.

Құтысы да ыңғайлы болғандықтан, энергетикалық сусындарды өзіңмен алып жүруге және кез келген жерде ішуге болады. Бұл да оның кофеден бір артықшылығы.

Кемшіліктері: Энергетикалық сусындарды белгіленген мөлшерлемеге сай тұтыну қатаң талап етіледі. Максималды мөлшер – күніне 2 құты сусын. Мөлшерден асыру – қан қысымының немесе қан құрамындағы қант деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін. Энергетикалық сусындар Франция, Дания және Норвегияда ресми түрде рұқсат етілмеген және дәрі ретінде тек дәріханаларда сатылады.

Энергетикалық сусындардың құрамындағы дәрумендер мультидәруменді кешенді алмастыра алмайды.

Жүрек аурулары бар, гипо немесе гипертониямен ауыратын адамдарға энергетикалық сусындарды тұтыну құпталмайды.

Энергетикалық сусындар ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді деген тұжырым – дәлелсіз. Сусында ешқандай энергия жоқ, ол тек энергия қоздырушысы. Яғни, біз өз энергия қорымызды пайдаланамыз, қысқаша айтқанда, энергияны өзімізден қарызға ала тұрамыз. Алайда ерте ме, кеш пе бұл қарызды шаршағандық, ұйқысыздық, ашушандық түріндегі пайызбен қайтаруға тура келеді.

Басқа да ынталандырушылар сияқты энергетикалық сусындардың құрамындағы кофеин жүйке жүйесін әлсіретеді.

Оның әсері 3–5 сағат сақталады, бұдан кейін ағзаға демалыс қажет. Сонымен қатар, кофеинге адам тез әуестенеді.

Энергетикалық сусындарды жүкті әйелдерге, балаларға, жасөспірімдерге, егде адамдарға, гипертониядан зардап шегетін, жүрек-қан тамырлары ауыратын, глаукома, ұйқысы бұзылған, тез қозғыш және кофеинге сезімтал адамдарға тұтынуға тыйым салынады.

Кофеин қаннан 3-5 сағаттан соң шығады, ал кейде тек жартылай. Сондықтан осы уақыт аралығында энергетикалық сусындарды кофеинді (шай, кофе) басқа сусындармен араластыруға болмайды – әйтпесе мөлшерді асырып жіберу қаупі артады.

Көптеген сусындар мол калориялы. Энергетикалық сусындарды жаттығу алдында тұтынған жөн. Ал егер сіз салмақ түсіру үшін емес, жай ғана жаттығулар жасасаңыз, онда жаттығулардан кейін де ішсеңіз болады.



Сурет 1



Сурет 2

(Зерттелген сусындардың нәтижесі)



Сурет 3

Қорыта келсем, күн артқан сайын нарықта синтетикалық сусындар көбейіп жатыр. Олардың қайсысының құрамында спирттің бар жоғын саралап, сараптап отырған ешкім жоқ. Осы зерттеу жобасына ісденісте жүргенде, аталмыш сусындардың адам ағзасына соншалықты орасан зиян тигізетініне көз жеткіздім. Ал қазіргі менің замандастарым осы сусындардың қаншалықты зиян екенін мәнісіне жетіп, біле бермейді. Ал осы тауарларды шығарып отырған компаниялар, тек табыс көзін ойлайтын «ағатайларымыз», сыртын жылытыратып, жарнаманы жалтыратып, қоғамның болашағына балта шауып отыр. Қазақстанның басты байлығы балалар болса, байлықтарыңыздың денсаулығына қатер төндіріп, ауруына ауру жамап, асқындырып аларларыңыз айдан анық. Ертеңіміз үшін ұрпақтың қамын бүгіннен ойлайық!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фаламтор материалдары: АСТАНА. ҚазАқпарат; Сауле Диханбаева Төрегелді Шарманов – Қазақ тағамтану институтының директоры

2 Тамақ өнімдерінің технологиясы : оқу құрал / Айтбек Қалиевич Какимов, Нурлан Оразханович Тусипов, Аман Еренгалиевич Еренгалиев, Сергей Львович Масленников. – Семей 2008. – 204 б.

3 Валеология : оқу құрал / Әділханов Әлмұхамед Сәрсенбаевич, Жаңабердиева Күлзифа Әбілқасымовна, Брусенко Зора Григорьевна. – Алматы : Алматы 2004.

4 [www.wikipedia.com](http://www.wikipedia.com)

5 [www.narko.bryansk.in](http://www.narko.bryansk.in)

6 [www.myevolution.ru](http://www.myevolution.ru)

**КӨГЕРШІН ҚҰСЫНЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ МЕН ПАЙДАСЫ**

ИМАШЕВА Г. Л., СМАГУЛОВА Б. М.

биология пәнінің мұғалімдері, Семей қ.

АЛТАЕВА Д. А., СЕКІМОВА А. Б.

11 сынып оқушылары, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
№ 47 ЖОББМ, Семей қ.«Көк құрақ – көлдің сәулеті,  
құс пен аң – ердің дәулеті»

– дегендей, халықтың хайуанаттар ішіндегі ең жақсы көретіні – құстар. Пайдасы болмаса, зияны жоқ осы бір тіршілік иелерін құрметтеген адамзат баласы бағзы замандардан-ақ құстарды жақсылықтың нышанына балаған. Мәселен, дана қазақ аққуды – махаббаттың, қарлығашты – мейірімнің, бүркітті – ержүректіктің нышаны ретінде қараған. Осындай құстардың бірі әрі бірегейі, біздің балалық шағымыздағы танымал әннің қаһарманы – көгершін құсы.

Қазіргі кезде көпшілік адам көгершінді ақымақ құсқа теңеп, көшені ластайтын және ауру тарататын құс ретінде қабылдайды. Алайда, бұл ойға ешқандай негіз жоқ.

Бұл кішкентай құстардың ұзындығы – 40 см, ал салмағы – 400 граммға дейін жетеді. Бүгінгі таңда, олардың 35 түрі белгілі. Көбінесе орманды жерлерді мекен етеді, тек көк көгершіндер ғана, қалалық ортада өмір сүруге бейімделген. Адамдар көгершіндерді шамамен 5000 жыл бұрын қолға үйретіп алды. Бастапқыда бұл құстарды ет үшін өсірген. Бірақ, қай жерде болмасын, өз ұясына апаратын жолды ұмытпайтындығын байқап, оларды хат жеткізушілер ретінде қолдана бастады. Сонымен қатар, көгершіндер өз төзімділігімен ерекшеленген, 3000 км қашықтыққа 140 км/сағ жылдамдықпен ұшып барған. Сол себепті, бұл құстар – хат тасымалдаудың ең жылдам тәсіліне айналды. Көгершін туралы киелі кітаптарда жазылған. Су тасқынынан кейін, Нұх пайғамбарға зәйтүн бұтағын осы құс әкеліп, апаттың аяқталғаны жайлы хабарлаған. Ал, Екінші дүниежүзілік соғыс біткен соң, Пабло Пикассо есімді әйгілі суретші, осы сәтті өз туындысында бейнелеген. Сондықтан, оны «бейбітшілік көгершіні» деп атап кеткен. Табиғатта өмір сүру ұзақтығы өте қысқа – 6 жыл ғана. Бұған азық-түліктің жетіспеушілігі, вирустық аурулар, жыртқыш аңдар және ауа райының суықтығы себеп болып отыр. Егер туылғанынан бастап, үй жағдайында өмір сүрсе, онда 15–20 жыл тіршілік етуі мүмкін. Көгершін дәндермен, жидектермен және кейбір жағдайларда жәндіктермен қоректенеді.

Кептер (көгершін) – адам үшін пайдалы, өте момын құстардың бірі. Көп адам бос уақытында кептер өсірумен шұғылданады. Кептер барлық елде тіршіліктің, бейбітшіліктің, сүйіспеншіліктің белгісіне айналған. Кептер – адамның өте ертеден қолға үйреткен құсының бірі. Ертедегі теңіз саяхатшылары көгершіндерді бір елден екінші елге апарып, олардың кенірек таралуына себепші болған. Олардың адам өміріндегі тигізетін пайдасы көп-ақ. Байланыс кептері, етті кептер, спорттық және сәндік үшін өсірілетін кептерлер болып бөлінеді [4].

Кептердің етін қуықтағы тасты ерітуге, қышыма, бөрткенге, қызылшаға, безгекке жеген. Жалпы, кептер етінде кальций, магний, фосфор және өзге дәрумендер көп көрінеді. Бір сөзбен айтқанда, кептер етін диеталық тағам ретінде пайдалануға әбден болады. Кәсіпкер 100 грамм кептер етінде 142 калорий кездеседі. В, Н, РР дәрумендері, калий, магний, натрий, темір, фосфор, мырыш, кальций, мыс секілді минералды заттар бар.

Көк кептердің етінен дайындалған сорпасының емдік қасиеттері жайлы білім бұрыннан болған. Әсіресе, гүрсілдеп жөтелетін көк жөтелге таптырмас емдік қасиетке ие. Дегенмен көбі сорпаны диеталық тағам деп санайды. Жалпы сұйық тағамның адам ағзасына пайдалы екенін және оны ағза үшін қорытылуы жеңіл екені жиі айтылып жатады. Бірақ, оның емдік қасиеттері де мол екенін айта кету керек. Осы ретте гастроэнтеролог Әйгерім Ормановадан сорпаның ағзаға қаншалықты емдік пайдасы бар екенін және оның қандай дерттерден айығуға көмектесетінін сұрап білдік. Дәрігердің айтуынша, сорпаның басты емдік қасиеті оның ас қорыту жүйесіне жақсы әсер етуінде. Мысалы, ол темір жетіспеушілігі анемиясымен күресуге көмектеседі [1].

«Құрамы жеңіл сорпалар тамақтан уланған жағдайларда немесе тамақты тым көп жеп қойған жағдайларда жақсы көмектеседі. Көк кептердің сорпасын дәрігер айтуынша, ыстық күйдегі кептер сорпасы ас қорыту жолының, асқазан мен аш ішектің жұмысын жақсартады, жөтелі тоқтамайтын адам баласына жәрдемі мол дейді. Басқа елдерде кептер еті сұранысқа мол, бірақ біздің елде бұл құстың етін қолдануы аз.

Көгершінің еті мен сорпасы ұмытылып бара жатқан халық емдерінің бірі ғана. Басқа да қаншама халық емдері ескерусіз ұмытылып бара жатыр. Өткен тарихымызға мойын бұрып қарасақ, қазақтың патенттелмеген тапқырлықтары жетерлік. Осылардың барлығын зерттеп, зерделеп, заман талабына сай жаңғыртып, қоғамдық өндіріске салсақ, сұранысқа ие боларына еш күмән келтірмейміз.

Көгершін құсының еті мен сорпасының емдік қасиетінің артықшылығы:

1 Көгершінді қолға үйрету арқылы ем жүргізу сізге арзанға түседі, ақшасыздық жайлап жатқан бұл уақытта осы жаңалық сізге майдай жағатыны сөзсіз.

2 Көгершінің еті мен сорпасы табиғи таза шикізат болғандықтан химиялық жолмен алынған дәрілерден қарағанда емдік қасиеті жоғары.

3 Оның емдік қасиетінің бірі отадан кейінгі емделушілерге иммундық қабілетін арттыруда таптырмас өнім.

4 Әрине бұл көгершін құсының еті мен сорпасы сіз сатып алмай оны қолда тек шыдамдылық пен еңбек сүйгіштік арқылы қолда өсірсеңіз тиімді. Онда қауіпсіз және пайдалы емнің өз қолыңызда болары сөзсіз.

Отбасынан бөлек мектептің өзі бізге құстарға қамқор болуға үгіт жасайтын. Ағаш басына құстарға арнап ұяшықтар жасайтын едік. Кейбір құстардың адамдарға жақындығы айтылатын. Солардың бірі – кептер. Бейбітшілік құсы деп санайтынбыз. Санамызда әбден жатталып қалған әлгі бір ән жолдары бүгінгі күні де тіл ұшына орала кетеді. «Ақ көгершін, көгершін, Қолқанат құс сен едің. Бар кезіп қайт, ел үшін. Кең дүние көлемін. Әділеттің құсы деп, Көз алмастан жолыңнан, Ұшырамын қолымнан...» Жүрекпен айтылатын ән әрі қарай өз ырғағымен жалғасып кете береді. Осындай сезіммен оған қамқорлық танытып келдік. Адам баласына жақын жүретін. Жанашырлық көргеннен кейін болар. Жанымызда жақын болған соң емдік қасиетін халық қолдана бермейді. Алайда бүгінгі тақырыпты қорытындылай көгершінің еті мен сорпасы нағыз таптырмас ем ретінде болатынын толық қанды зерттедім деп ойлаймын.

Халықтың көпшілігі кептердің тауық емес екенін айтады. Оның етін экспортқа шығаруға қарсылық жасайды. Алайда бұл орайда әзірге нақты тұжырым жоқ. Табиғат қорғаушылар бұл іске қандай көзқараста? Ол туралы нақты біле бермейміз. Әйтсе де, бұл тірлік кең ауқымда қолға алынып кетсе, қазақ даласынан кептерді табу қиынға айналып кетуі әбден мүмкін. Қандай тірлік етсек те, табиғатқа залал келтірмеу жағын ойланғанымыз артық емес...

Ұсыныстар:

1 Мектепте құстарға қамқорлық үйірмесі ашылса. Сыныптарда көркем еңбек пәнінен «Үй жағдайында құстарға ұя жасау» курсы ұйымдастырылса;

2 Көгершінің еті мен сорпасы табиғи таза шикізат болғандықтан химиялық жолмен алынған дәрілерден емдік қасиеті жоғары екенін насихаттау;

3 Көненің көзін қайта жаңғыртып көгершін құсының еті мен сорпасын емдік қасиетке пайдаланса.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Денсаулық» журналы, №6, 2016 ж.
- 2 «Шаңырақ» энциклопедиясы, Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы :1990 ж , 65-6.
- 3 Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
- 4 «Пайдалы кеңестер» журналы, 2015 ж.
- 5 Интернет материалдары.
- 6 «Емші» журналы, 2014 ж.
- 7 «Емші» газеті № 19(2015) 12 қазан 2012 ж.
- 8 Алиса Чейз «Денсаулық тамағы», 2006 ж.

#### ҚҰЛАҚҚАПТЫҢ АДАМҒА ЗИЯНЫ

ИМАШЕВА Г. Л., СМАГУЛОВА Б. М.  
биология пәнінің мұғалімдері, Семей қ.  
МЕЙРАМ А. Қ., МҰҚАҒАЛИЕВА А. Д.

11 сынып оқушылары, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
№ 47 ЖОББМ, Семей қ.

Ең алғашқы құлаққап 1958 жылы Джон Косстың ойлап табуымен жарыққа шықты. Жапонияның ұлттық психологиялық институты мен Германияның Мюнстер университеті мамандарының айтуынша, құлаққаптың дауысын күшейтіп, оны ұзақ уақыт пайдалану керендікке шалдықтырады. Бірақ, денсаулығының осы бір ақауын адам өзі сезбей де қалады екен. Алғашқы құлаққап әскери әуе техникасына, ұшқыштарға арналып жасалды. Ал, қарапайым халықтың қолданысы үшін SP-3 құралы жасалынды. Бұл жаңа аппарат жарыққа шығысымен, ізін ала жапониялық өнертапқыштар осы идеяны ары қарай дамытты. Коссаның құлаққабы үлкен және қолданысқа ыңғайсыздық туғызды. Осы бір кемшілікті көрген жапондықтар Косстың минусын өз пайдаларына плюске айналдырды. 1980 жылы дыбыс шығару сапасы және ыңғайлылығы көңілден шыққан құлаққап, сонымен қатар алғашқы

ән тындауға арналған плеер әлемге бірнеше данамен тарап кетті. Осылайша, жыл өткен сайын құлаққап сапасы жақсара түсті. Нәтижесінде, тоқсаныншы жылдардың ортасында блютуз арқылы басқарылатын жаңа ән тындау құралы жарыққа шықты. Қазіргі уақытта бұл құрылғының мыннан астам түрі бар. Адамдар ұзақ сапарға шығарда, автобуста жол жүргенде, күнделікті көшеде жалғыз жүргенде өздерін құлаққапсыз елестете алмайды. Құлазыған көңілді бір сәт осы құрылғының көмегімен ән тындап, жаныңызды жадыратып алуға көп көмегін тигізеді. Бірақ, бұның зияны да барын естен шығармаңыз [1].

«Бүгінгі ұрпақ тым жетіліп кеткен. Үнемі құлағымен ән тындап, көзімен сабақ оқып, миымен тоқып отырған жастарды көп кезіктіресін. Көшеде, автобуста, айналаңыздың бәрі толған құлаққап. Тіпті қалмақша қаңтарылған аттай болып бір құлаққаптың екі жабындысын екі адам тағып алып, ән тындап кетіп бара жатқанын көріп тандануға да болмас. Қос құлақты бірдей жапқан қалқандай дәулері сөнге ене бастады. Алдында ғана түймедейлері сәннің алдын бермей тұрған. Радио байланысшылардың ғана құлағынан көретін дәу құлаққаптардың уақыт өте келе жанып тұрған модаға айналарын кім білген?

Бүгінде құлаққапты үлкен де, кіші де киеді. Бұл әрине музыка тындағанда, шетел тілін үйренгенде өте ыңғайлы. Алайда оның қауіпті әрі зиянды жағы барын да ұмытпаған жөн.

Қауіпті жағы көшеде не машина рөлінде келе жатып, естімей қалып жол-көлік апатына ұшырауыңыз немесе біреуді қағып кетуіңіз мүмкін. Себебі осындай жайтты БАҚ жаңалықтарынан күнделікті естіп-біліп жатамыз.

Мамандар осындай дабыл қағып отыр. Зиянды жағы құлаққапты жүйелі түрде кию – құлақтың есту қабілетін төмендетеді, қан қысымын көтереді, бас ауруына шалдықтырады. Құлаққапты ұзақ уақыт киген адам байқампаздық қабілетінен айырылады, ашушаң, күйгелек жанға айналады. Кейінгі заманауи техникалық құралдарда құлаққапты кигенде қатты музыка құлаққа зиян екенін ескерту пайда болады.

Кейбір құлаққаптарды, мысалы «тамшы» деп аталатын түрін электр техникаларының отаны – Жапонияда шығаруға тыйым салынған. Мұндай құлаққап, құлақтың ішкі органдарына кері әсерін тигізіп, орталық жүйке жүйесін зақымдайды. Сондықтан құлақты тұтас жауып тұратын түрін алуға кеңес береміз. Әрине сөмкеге салып жүргенге ыңғайсыздау, алайда денсаулық бәрінен де қымбат.

Сондықтан ойланыңыз, неліктен қоғамнан оқшауланғыңыз келеді? Кімнен жасырынып жүрсіз? Қоғаммен қарым-қатынаста болу сізді қандай ыңғайсыз жағдайға түсіреді деп ойлайсыз? Құлағыңызды жауып жүріп, жақсылықтан да құр қалуыңыз ықтимал. Өмірдегі жағымды-жағымсыз жайттарды көріп, жақсылығына қуанып, жамандығына күйініп жүріп, шынығамыз, өмір сүруді үйренеміз.

Адамның сезу мүшелерінің ішіндегі ең сезімталы құлақ. Құлағымыз болмаса біз ешқандай дыбысты ести алмас едік. Алайда, адам қартайған сайын оның барлық мүшелерінің қызметтері бәсеңдейді. Қазіргі кезде жастар өздерінен өздері ерте қартайтып бара жатқан сияқты ұялы телефонға жиі үңіліп, көзіміздің көруін нашарлатамыз, ал құлаққапты үнемі тындап, құлақтың есту қабілетін бұзамыз.

Музыка тындаған дұрыс-ақ, бірақ құлаққаппен емес, радиодан, магнитофоннан да тындаса болады, жастарымыз осыны ескерсе екен. Құлаққап бізге ыңғайлы, жақсы болып көрінгенмен, уақыт өте келе оның қандай ауруларға шалдықтыратынын ескере бермейміз.

Бар қателігіміз осында. Адам құлаққапты пайдаланғанда біртіндеп керендік ауруына тап болады. Тап болып қалмай, сонымен қатар өзіне артық радиотолқын мен шектен тыс биоток қабылдайды. Бұл ағзада әртүрлі аурулар туғызады. Зерттеу барысында құлаққапты ұзақ уақыт, мәселен 3 сағаттан артық тындағанда адамның бас миының тамырлары тарылып, оттегі жеткіліксіздігінен бас ауру пайда болатындығы анықталды.

Сонымен қатар ашушаңдық, үрейлену, яғни стресс дамиды. Ең қауіптісі – құлаққаптың құрамында магнитті дыбыс тарататын құрылғы орналасқандықтан бұл құрылғының электр энергиясын көп қажет ететіндігі бар. Көпшілік құлаққап пайдаланушылардың телефон қуаты тез сөніп қалатыны да осы себептен. Құлаққаптың бірден әсер ететін мүшесі – құлақ. Ең бірінші көрінетін, белгі беретін ауру – керендік. Адам құлағы естімегендіктен көп ақпараттарды дұрыс қабылдай алмайды. Уақыт өте келе, жасы 45-тен асқаннан кейін естуі тіпті қиынға соғуы мүмкін» [4].

Құлаққап арқылы әртүрлі микроағзалар құлаққа таралуы мүмкін екен. Бұл отит, паротитті инфекцияны туғызады. Осының алдын алу үшін құлаққапты тындар алдында 70 пайыздық спиртпен өңдеп, тазартып отырған жөн.

Сондықтан құлаққапты пайдалануды бірте-бірте қысқарту керек. Күніне 1 сағаттан артық тындауға болмайды. Осы уақыттың

ішінде де адам радиотолқынды қабылдайтындығын ұмытпау керек. Мысал келтірсек, мәселен, ғалымдардың зерттеуінше құлаққапты жол үстінде немесе суық болған кезде тыңдаудан аулақ болған жөн екен. Бұл сіздің құлағыңызға зиян, тіпті өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.

Құлаққапта музыка ойнап, сіздің біраз жұмысыңыздың жеңіл бітуіне септігін тигізуі мүмкін, алайда зиянсыз құлаққап болмайды деп ойлайды жастар қауымы. Құлаққапты тек керек кезінде ғана қолданған жөн. Мысалы, ұялы телефонмен екінші бір адаммен сөйлескенде, сенсорлы телефоннан бөлінетін радиотолқынды азайту үшін қолдануға болады. Арнайы бір орында тұрып, сөйлескен жөн екен. Жолда жүріп сөйлесуге, сабақ кезінде сөйлесуге әрине болмайды. Ең бастысы, құлаққаппен кішкентай сәбилерге тыңдауға берудің қажеті жоқ.

Бүгінде құлақ кеселімен келіп қаралып жатқандарда есеп жоқ. Тіпті белгіленген науқастарды да қарап үлгері алмай жататынымыз бар дейді құлақ аурының дәрігер мамандары. Бұрын егде жастағылардың есту қабілеті нашарлап жатса, бүгінде бұл дерт тугоухость, яғни керендік дертіне душар болып жатқан жастар көп. Олардың кейбірі суықтатып алып, басқа да жағдайларға байланысты болса, басым бөлігі осы құлаққаптан зардап шегіп отыр [5].

Егер 40-қа жетпей құлаққапты есту аппаратына айырбастағыңыз келмесе, дыбыс деңгейін 60 пайыздан асырмағаныңыз жөн. Максималды деңгейге жеткізбеңіз. Қасыңыздағы адамдарға сіз тыңдап отырған музыка естілмеуі керек. Сонымен қатар айналаңыздағылардың сөзін ести алсаңыз, онда дыбыс деңгейі қалыпты деген сөз. Әуен тыңдарда тамшы пішінді құлаққаптан бас тартыңыз. Олардың дыбысы үлкен құлаққаптардан қаттырақ шығады яғни зияны көп. – Дыбыстың ең жоғарғы шегі ретінде 80 децибелл белгіленген. Одан қатты шығып тұрған дыбыс есту қабілетіне кері әсер етеді. – Өзіңіз үшін әуенді 60 децибелден асырмай тыңдауға тырысыңыз. – Күніне 1-2 сағат көлемінде ғана әуенді құлаққаппен тыңдаңыз [1].

Құлаққаптан келер кесір көбейіп тұр. Бармақтай бөленің қармаққа іліп жатқаны жанға тиіп тұр.

Мысалға айтатын болсақ Оңтүстік Қазақстан облысында пойыздың астына түсіп үш адам қайтыс болған. Оларды біреу отарбаның астына итеріп жіберген жоқ. Өздері сол құлаққапты киіп алып, теміржол бойында дүңкілдеп келе жатқан пойыздың ышқырған дауысын естімеген. Семей қаласы бойынша апаттар

болып тұрады. Тағы да «кінәлі» – пойыз, дұрысы құлаққап деуге болады. Құлақты бітеген түймедей зат бүгінде ажалға апарар төте жолға айналды.

Дәрігерлердің дабылдататындайы да бар. Соңғы кездері құлаққаптың кесірінен кеселге душар болғандар көбейе түсіпті. Құлақтағы күйсандықты күні бойы пайдаланатын адамның басы айналып, есту қабілеті нашарлап, жүйке жүйесі қажиды екен. Оның үстіне, құлағы саңырау, санасы меніреулердің тым жасарып бара жатқанын да жасырмайды мамандар.

Дамыған батыс елдерінде қоғамдық орындарда құлаққаппен ән тыңдау үлкен мәдениетсіздікке жатады. Ол, біріншіден, өзінді, екіншіден, айналандағы адамдарды сыйламау болып табылады. Таңғаласың, әншейінде өзгенің қаңсығын таңсық көріп тапырақтайтын жастарымыз неге осындай мәдениетті жақтарына мән бермейді екен деп.

Елімізде құлаққаптың қырсығынан болған жол апаттарының салдары зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Дегенмен жол полицейлері де, дәрігерлер де көбіне адам өлімінің көбеюіне қомақты үлес қосып жатқан құлаққап екеніне алаңдаушылық білдіре бастады.

Құлаққаптардың адамға әсері туралы өзіндік жұмыстар «Құлаққаптың адамдарға зияны» атты зерттеу жұмысының әлеуметтік мониторингісі

Біз құлаққаптың адамдарға зияны туралы зерттей келе, алған ақпараттарымыз бойынша тәжірибе жасауға тырыстық. Жасаған тәжірибелеріміз нәтижелі шықты. Солардың бірнешеуімен сіздермен бөліскіміз келеді.

Сауалнамаға зерттеу объектісі ретінде № 47 орта мектептің 2–3 сыныптарынан 340 респондент қатысты.

Оқушылар қауымының қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде құлаққаптың адамдарға зиянды жағын анықтадық. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырылған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.

1-кестеде респонденттердің құлаққаптың адамдарға зияның білесіз бе? деген сауалға берген бағасы көрсетілген.


Диаграмма 1



Рейтинг көрсеткіші бойынша, респонденттердің 70 %-ы құлаққаптың адамдарға зияны бар екенін білетінін көрсеткен. Құлаққаптың зияны бар екенін үлкен адамдардан, ата-аналарының аузынан естіп, білетінін айтты.

2-диаграмма. «Күн сайын құлаққапты қанша уақыт пайдаланасыз?» деген сауалға респонденттердің 37,5 %-ы күн сайын орташа есеппен 1 сағаттан 3 сағатқа дейін екенін көрсетсе, оқушылардың 21 %-ы оларды 6 сағаттан артық пайдаланатын көрсетсе, 30 %-ы білмейтіндерін, 12,4 %-ы жауап беруге қиналамыз деп жауап берді. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің рейтинг қорытындысы төмендегідей тұжырымдама жасауға негіз болады, яғни күн сайын құлаққапты қанша уақыт пайдалану керектігін толық білмейтіндерін байқадық.

Диаграмма 2



3-диаграмма. «Құлаққапты қолданудан болатын зардаптарды қайдан естідіңіз?» деген сауалға респонденттердің 37,5 %-ы теледидардан көргенін 35 %-ы туыстарынан естігенін, 15,0 %-ы кітаптан оқығанын, 12,5 пайызы естімедік деп жауап берді. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің рейтинг қорытындысы төмендегідей тұжырымдама жасауға негіз болады, яғни құлаққаптан болатын зардаптарды білетіндерін байқадық.

Диаграмма 3



Қорытынды: сауалнама көрсеткендей құлаққаптар бүгінгі жастардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі болды. Сондықтан құлаққаптарды қолдану адамдарға зиянды екенін ескерткен дұрыс деп санаймыз. Егер сіз құлаққапты ойнатқышпен немесе телефонмен қолдануды жалғастырғыңыз келсе, құлаққапты пайдалану бойынша ұсыныстармен және есту гигиенасы ережелерімен танысыңыз.

Адамның өмірін жеңілдететін, қолын ұзартып, көңілін көтеретін құрылғылар көбейген сайын қауіп пен қатер де көбейіп барады. Мәселен, бір кездері кереуетке таңылған наукастарға көмек көрсетудің амалы ретінде дүниеге келген құлаққап бүгінде кеселден құтқарушы емес, кеселдің өзіне айналды. Кесел емей немене, көшеде кетіп бара жатқан екі адамның бірі – «меңіреу», құлағын тарс бекітіп алса...

Айналасындағыларды естімейді, естігісі келмейді. Құлақтан кіріп, бойын алған әдемі әуен күндердің күнінде жүйкесін жұқартып, саңырау етуі, тіпті, абайламаса ажал құштыруы да мүмкін екенін ескергісі жоқ.

Басында ләззәт үшін тындаймын деген музыканың тұңғыығы адамды біртіндеп өзіне тартып, ақыры өзін-өзі түсінбес халге душар етеді екен. Құлақтарынан тығын түспейтін жасөспірімдердің мінезі күрт өзгеріп, қоршаған ортамен қарым-қатынасы азаятынын мамандар ғана емес, балалары құлаққапқа тәуелді болған ата-аналар да аңғарған. Өзін өзгеге керексіз сезініп, түймедей тығынның ар жағындағы әлемнен сырлас іздеген жастар күйзеліске ұшырап, мұның соңы қайғылы жағдаймен аяқталған оқиғалардың көбейіп бара жатқаны тұлымды ұл, бұрымды қыз өсіріп отырғандардың уайымын күшейтті.

Осы жоба жұмысым арқылы құлаққаптын айта берсек пайдасы жағынан зиян жақтары көп кенің айтқым келді. Құлаққапты тағу

қаншама оқыс жағдайлар мен құлақ ауруына шалдықтырып, адам санасын улап жатыр.

Болашақ жастарымыздың осы құлаққап тағудан бойларын аулақ ұстауына шақырамын, және жолдастарыма, сыныптастарыма құлаққаптың зиянын айтып, құлаққап тағудан аулақ болуыларына насихат жұмыстарын жүргіземін.

Бүгінгі шарықтаған, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның болашағы – біз жастардың қолында екенің ұмытпауымыз қажет!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алдошина И. А. Громкоговорители // Звукорежиссер, 2/2002.

2 Билич Г. А., Назарбо Л.В // Популярная медицинская энциклопедия Человек и его здоровье – Мвече, 2002.

3 Вуджат Дж. Настольная книга по громкоговорителям и наушникам, Изд-во Hearnet, 1988.

4 Справочник врача общей практики Н. П. Бочнов, В. А. Насанова и др// Под редакцией Н. Р. Палеева – М Издательство Эксмо 2002 – 2 тома

5 Члиянц Г. Ретроэтнод начала прошлого века // журнал «Радиохобби», 6/2002

#### КАЛЬЦИЙДІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАСЫ

КУРМАНБАЕВА Ж. К.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ, Семей қ.  
МЕРХАТҚЫЗЫ Ә.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
ТАУКЕНОВА А.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
СМАГУЛОВА Г. К.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ, Семей қ.

Дәрігерлердің айтуынша, 20-55 жас аралығындағы адамға күнделікті 800–1000 мг кальций, ал жас балаларға тәулігіне 600-800 мг кальций қажет екен.

Ең бірінші, кальций ас қорыту жұмысына, жүйкеге, адамның қорғаныс қабілетінің жетілуіне қатысады. Екіншіден, кальций қанды тазалау және жүректің бірқалыпты жұмыс істеуіндегі басты құрам болып табылады. Адам салмағының 9 пайызын қан құрайды, ал жүрек – қанды айдайтын «насос». Кальцийдің үшінші міндеті – жүйке жүйесі

арқылы белгі беру. Оны ми басқарып отырады. Кальций, төртіншіден, бұлшық еттердің ширығуы мен босануына жауап береді.

Кальций жетіспеушілігі адамды іштен «кеміріп», түрлі сырқаттарға соқтырады екен. Мұндай қателікке жол бермеу үшін дәрігермен кенесіп, ағзадағы кальций мөлшерін қалыпты сақтауға әрекет жасаған жөн.

Кальций элементінің пайдасы ғана бар деп айта алмаймыз, оның да басқа заттар сияқты зиян жақтары бар. Мысалы, жас балаларға қазір кальцийді бас сүйектерінің қатаюы үшін береді. Бірақ, кальцийді нормадан асып бере берсе, онда баланың бас сүйегі тез қатайып, әрі қарай бас сүйегі жетілмей қалады. Ал жетілмесе ішіндегі ми бала өскен сайын олда өсіп, қатып қалған бас сүйегі өспей, ми өз өсуінде қатты қиналады.

Жұмыстың өзектілігі: Егер кальций жетіспесе, адамның сезу, көру, сөйлеу, тағы басқа мүмкіндіктері бұзыла бастайды. Егер кальций аз болса, ми безі ағза мүшесінің белгілі бір бөлігіне бұйрық береді де, ол басқа бір мүшенің есебінен толықтырылады. Мысалы, сүйектегі қанды алып, оны қан құрамының өзегіне қосады. Мысалы, жас сәбилерде кальций жетіспеуінен болатын ауру мешел (рахит) деп аталады. Мешел ауруына шалдыққан балалардың қаңқасы дұрыс қалыптаспайды, сүйек баяу дамиды, ұйқысы қашады. Ал ересек адамдарға кальций жетіспесе, есте сақтау қабілеті нашарлап, беймаза күй кешеді. Қаңқалары морт сынғыш келеді.

Жұмыстың мақсаты: Кальций элементінің адам ағзасына пайдасы мен кальцийге бай тағам түрлерін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

Зерттеу жұмысы бойынша әдебиеттерді зерделеу;

Кальцийдің химиялық құрамын анықтау;

Кальцийге бай тағамдарды зерттеп, ондағы кальций мөлшерін анықтау;

Кальцийдің адам ағзасына пайдасын зерттеу.

Зерттеу объектісі – кальцийге бай тағамдар.

Зерттеу әдістері – талдау, бақылау, салыстыру, іс-тәжірибеде қолдану.

Зерттеу жаңалығы: біздің айтқымыз келіп отырғаны кальций – адам денсаулығына пайдалы элементтердің бірі. Онсыз өмір сүру өте қиын. Ол жүрек, бұлшықет, жүйке жасушаларына қажет. Сондықтан назарларыңызға құрамында кальций элементі көптеп кездесетін тағамдарды ұсынамыз. Соның ішінде кальций жұмыртқа қабығында мол болып келеді.



Кальций адам өмірінің негізі екені дәлелделген, бұнсыз адам өмір сүре алмайды. Ағзадағы кальцийдің 1 % пайыз қанда, тегіс тінімізде және жасушалар арасындағы сұйықтықта болады. Егер тепе-теңдігін салыстырсақ, онда 99 % бен 1 % айырмасы өте зор, бірақ атқаратын қызметтеріне келсек әртүрлі. Осы тепе-теңдіктің бұзылуын талай ауырулар туындайды. Сондықтан егер ағзада кальцийдің деңгейі төмендейтін болса оны күнделікті тағамдармен толықтырып отыру қажет. Күнделікті кальцийдің мөлшері жоғарыдағы кестелерде көрсетілген. Кальцийге бай тағамдардың қатарына сүт өнімдері ірімшік сүзбе құрт, шұбат, қатық, көкөністер, балдырлар балық өнімдері жатады. Сондықтан күнделікті дастарханымызда осы тағамдар болуы керек.

Кальций еркін түрдегі жоғары химиялық белсенділігіне байланысты табиғатта кездеседі. Кальций үлесіне жер қыртысы салмағының 3,38 % келеді (оттегіден, кремнийден, алюминийден және темірден кейін таралуы бойынша 5-ші орын (металдар арасында 3-ші орын) [3].

XXI ғасырдың басты дерті бұл остеопороз. Ол ағзада кальцийдің жетіспеушілігінен туындайды. Остеопороздан (сүйектің жұқаруы) басқа, кальцийдің кемістігінен 147-ден астам ауру пайда болады. Кальций жүрек бұлшық еттерін, ішек-асқазан жолдарын және адам ағзасындағы барлық маңызды мүшелерді жұмыс істету үшін қажет. Ең бастысы, ол әрбір жасушаның қоректенуі және тыныс алуы үшін қажет. Біздің жасушаларымыз кальцийді тек ионды түрінде ғана сіңіре алады. Өлемдегі барлық өндірілетін және сатылатын кальций – молекулалық немесе иондық түрде болады, бірақта бұның өзі теңестірілмеген қалыпта болады. Осылар ішекке түскенде молекулаға айналып кетіп сіңбейді. Бұндай кальций аздап ағзадан шығарылады, ал кейбір бөлігі буын-буындарға тұз болып шөгеді.

Біздің ағзамызда денеміздің салмағының 2 % кальций құрайды, негізгі бөлігі – қаңқа сүйектерімізде, тісімізде, шашамызда, тырнағамызда. Қаңқа сүйегіміз ішкі мүшелерімізді қорғайды, осының арқасында жүріп, тұра аламыз. Егер ағзада кальций жетіспесе, оны қолма-қол қалпына келтіруіміз қажет.

Ағзадағы кальцийдің 1% қанда, тегіс тінімізде және жасушалар арасындағы сұйықта. Егер тепе-теңдігін салыстырсақ, онда 99 % бен 1 % айырмасы өте зор, бірақ атқаратын қызметтеріне келсек әртүрлі. Осы тепе-теңдіктің бұзылуынан талай аурулар туындауы мүмкін. Кальций – адам өмірінің негізі екені дәлелденген, бұнсыз

адам өмір сүре алмайды. Осы 1% кальций біздің іс-әрекетімізді басқарғандықтан ағза үшін өте маңызды

Мысалы, ол біздің жүрегіміздің соғуын басқарады. Есіңізде болсын, тамақпен келген кальций ағза үшін қажет. Сондай-ақ осы 1 % кальций қанымыздың тазалану ағымын да басқарады. Қан адамның 9 % салмағын құрайды. Ал осы қанды айландыратын қуат жүрегіміздің бірқалыпты не ретсіз жұмыс істеуіне байланысты. Жүрек қанды айдайтын насос [6].

Қан айналымының орталығы жүрек өте жұмыскер, оның тамақтануының маңызы аса зор. Жүрек қанды бүкіл денеге айдайды, ол өте алапат бұлшық ет, осыны жұмыс істету үшін зор мөлшерде қуат керек. Сондықтан да жүректің бұлшық ет жасушаларына да аса сапалы мәзір қажет. Егер жүректі қоректендіретін тамырлардың қабырғаларына қақ тұрып қалса (май, холестерин, липид), онда жүректің бұлшық ет жасушалары қан тамыры жіңішкергеннен кейін ашыға бастайды. Егер оттегінің жетіспеуі минуттың бір сәтіне ғана созылса, адам жүрегі қысылып өліп кетуі мүмкін. Бұл жағдайда қанның мөлшері жеткілікті болуы мүмкін, бірақта ол жүректің бұлшық етінің жасушалары арқылы өтпегендіктен оларға қорек жеткізе алмайды, жүрек жасушалары өле бастайды, нәтижесінде бүкіл ағза өледі. Бәленің басы – осындай аурумен ауырған адамдар, тамақ мәзірімен бірге кальцийдің жеткілікті мөлшерін алмағандықтан.

Кальцийдің үшінші міндеті – жүйке жүйесі арқылы белгі беру. Біздің миымыз – басқару орталығы. Ол мүшеміздің әр бөлігіне белгі беріп отырады. Мысалы, қолыңа қалам алып жазу жаз, аяққа жүр, тұр, отыр т.б. бұйрықтар береді. Осы хабарларды жүйке жүйесінің талшықтары арқылы керекті жеріне жеткізуге кальций жауапты. Егер ағзада тамақпен келген кальций мөлшері жеткіліксіз болса, онда хабар алу бәсеңдейді. Мысалы: кешке ұйықтар алдында миымыздан «ұйықта» деген бұйрық келеді, бірақта кальцийдің жетіспеушілігінен бұл бұйрық қажетті жеріне жетпейді, нәтижесі ұйқысыздыққа әкеп тірейді.

Кальцийдің төртінші міндеті – біздің бұлшық еттеріміздің ширығуына не босаңсуына жауапты. Егер де бұлшық еттеріміз жөнді жұмыс жасамаса шырғаландар басталады.

Кальцийдің бесінші міндеті – қан ұю ағымына жауапты. Егерде байқаусызда саусағымызды кесіп алсақ, қан болар-болмас аққаннан кейін ұйып тоқтап қалады. Бұл кальцийдің әсері. Таңертең тісіңізді тазалағанда қызыл етіңіз қанаса, онда кальций жетіспейді. Қан тоқтамаसा, бұл да кальцийдің аздығы.

Кальцийдің алтыншы міндеті – біздің жасушаларымыздың өзара байланысын реттеу. Адам ағзасы миллиардтаған жасушалардан тұрады, бұлардың өзара байланысының маңызы өте зор. Бұл ағым жасушалар арасындағы сұйықтың тығыздығына байланысты. Егер де кальций жетіспесе, онда жасушалар өздерінің міндеттерін дұрыс атқармағандықтан ауруға ұшыраймыз [7].

Енді тамақпен қанша кальций алатынымызды сараптайық. Дәйек бойынша күнделікті тамақпен 300...500 мг кальций алады екенбіз. Есеп бойынша Сіз күніне 400 мг кальций қолданады екенсіз. Бірақта бұл өте аз. Жаңа туған сәбиге 6 айлықтан 3 жасқа дейін 600 мг, 4...10 жас аралығында 800 мг, 10...13 жас аралығында 1000 мг, 13...16 жаста 1200 мг күнделікті кальций қажет екен. Адамға 20...55 жас аралығында күнделікті 800-1000 мг кальций қажет. Жасы, 55-тен асқан адамдарға күнделікті 1200 мг кальций керек. Жүкті және бала емізетін әйелдерге күнделікті 1500...2000 мг кальций қажет. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы. Бізде кальцийді жеткілікті болмағанда, ми – безге ағза мүшесінің белгілі бір мүшесіне кальций жетіспей жатыр деген бұйрық береді, жетіспеген кальций басқа мүшенің есебінен толықтырылады. Осы без гормон бөліп, сүйектегі кальцийді алып оны қан құрамының өзеніне қосады. Осы кезде сүйек жұқарып ериді. Неліктен осы гормон біздің қаңқа сүйектерімізге тиседі? Себебі, ағзамыздағы кальцийдің 99 % қаңқа сүйегімізде, 1 % ғана қанымыздың құрамында болады. Біз кальций жетіспейді деп айтқанымызда, сүйектегі емес, қан құрамындағы кальцийді айтамыз.

Адам ағзасы 35 жастан асқаннан кейін жетіспеген кальцийді сүйектен алады. Сүйек кеуектен бастайды. 70-ке келген адам 30 % кальций қорын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан бас ауруына, ұйқысыздыққа, іш қатып қалуына, аяғыңыздың қақсауына таң қалмаңыз.

Кейбір 50-ге келген адамдар, сүйегінің жұқарғанын біледі. Сүйек – адам денесінің тіреуіші. Егер толып кетіп, сүйегіңіз әлсіз болса дәрігерлер сүйегің жұқарған деген диагноз қояды. Бұл кезде қалыпты медицина не істейді? Дәрі-дәрмек беріп, ине шаншып, уқалау (массаж) жасайды, өкінішке орай бұлар көмектеспейді [8].

Сүйектен кальцийді үнемі ұрлай бергендіктен, қан құрамындағы кальций 1 % емес, 6.7 % көтеріліп кетуі мүмкін. Кальций қан құрамында төмен болса – жаман, ал мөлшерден артып кетсе – қатер! Бұл дегеніңіз қан ауруы, бұл жүректі әлсіретеді, түтікшелер мен жүйке жүйеңіз серіппелілігінен айырылып, тұрпайланып кетеді. Бұл

кальций жетіспеушілігінен де қорқынышты. Осы 6.7% тамақпен келді ме? Жоқ, бұл сүйектен ұрланған кальций. Қан құрамында кальций мөлшерден асып кеткенде, без кері бағытта әсер ететін басқа гормон бөледі, осының әсерінен кальций сүйекке қайта келеді. Сөйтіп қанның құрамындағы кальций қалпына 1 % келеді. Бірақ, қан құрамындағы артық кальций сүйекке қайтқанда, өзі кеткен жерге бармай, басқа жерге – буындардың төңірегіне шоғырланады. Сол кезде адам жүрсе де, тұрса да, саусағын бүксе де, қолын қимылдатса да жанға бататын ауруды сезеді. Егер де біздің ауырғымыз келмесе, бірден-бір істейтініміз – кальцийдің деңгейін қалыпты мөлшерде ұстау. Сонда сіздің сүйегіңіз жұқармайды (остеопороз, гиперостоза) болмайды [4].

Адам егер оның ас мөлшерінде кальций жетіспесе, не істеуі керек? Онда оның қорларын тағам қоспалары арқылы толтыруға болады. Дәрігерлер оның екі формаларының бірінде кальцийді қабылдау керектігін ұсынады: кальций карбонаты мен кальций цитратын. Кальций карбонаты арзан, оны әр дәріханадан сатып алуға болады. Бойға жақсы сіңу үшін, оны аспен қабылдаған жөн. Кальцийдің цитраты – заманауи дәрі деп айтуға болады. Оны аспен қабылдау қажеті жоқ, ол жасы ұлғайған адамдарда асқазан қышқылының төменгі деңгейімен бойға сінеді. Құрамында кальцийі бар қоспалардың қосалқы әсері туралы есте сақтаған жөн. Іш ісініп, кебуі мүмкін. Кальций қосалқылары кейбір тағам заттары мен емдік құралдарды сіздің ағзаның қабылдау қабілетін бұзуы мүмкін. Кальций құралын пайдаланғаныңыз туралы міндетті түрде өзіңіздің дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Кесте 1 – Кальцийді қабылдау мөлшері

№	Жасы	Кальций мөлшері (мг/ тәулігіне)
1	4-8 жас	800
2	9-18 жас	1300
3	19-50 жас	1000
4	50 жастан аскандар	1200-1500
5	Жүкті әйелдер мен емізулі әйелдер 18-50 жас	1200-1500

Сіз кальцийді қаншалықты жеткілікті алатыныңызды қалай білуге болады? Халықаралық денсаулық сақтау ұйымы әр ересек адамға кальцийдің тәуліктік мөлшерін 1000 мг тең деп белгіледі. 50 жастан асқан әйелдердің кальцийді қажет етуі 1200 мг тең. Бұл цифрларды көрнекілік ретінде көрсетсек: бір пайызды сүтті стаканда 350 мг кальций бар. Кальций ағзаға жақсы сіңу үшін, D дәрумені

кажет. Өзіңізді оны тағаммен жиі алып, жиі күн көзінде болатыңызға сендіруіңіз керек.

Қорыта келгенде адам үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей күнделікті өмірімізде тамақтануымызға көп көңіл бөлуіміз қажет. Біз бұл жұмысымызда адам ағзасына қажетті кальцийдің маңызына тоқталдық.

Кальций адам өмірінің негізі екені дәлелделген, бұнсыз адам өмір сүре алмайды. Адам өмірінің негізі кальций екені дәлелделген, сондықтан да кальцийдің өмір үшін маңызы зор. Ағзадағы кальцийдің 1 % пайыз қанда, тегіс тінімізде және жасушалар арасындағы сұйықтықта болады. Тепе-теңдікті салыстыратын болсақ, 99 % пен 1 % дың айырмашылығы бар болғанымен, олардың атқаратын қызметтері әртүрлі. Осы жағдайлардың бұзылуынан түрлі аурулар туындайды. Ағзадағы кальцийдің қызметі;

1 Тамақ қорытуға, шығаруға, жүйеге, қорғаныс қабілетіне қатысады.

2 Бұлшық еттердің босаңсуы мен қысқаруына қатысады.

3 Жүрек жұмысын реттейді, қан қысымын қалпына келтіреді, жүйке жүйесінің қозуын тежейді.

4 Асқазан жұмыстарының қызметіне қатысады, кальций жасушалардағы өзара байланысты реттейді. Адам ағзасы миллиардтаған жасушалардан тұрады, бұлардың байланысының маңызы өте зор. Бұл ағым жасушалар арасындағы сұйықтықтың тығыздығына байланысты. Егер де кальций жетіспесе онда жасушалар өздерінің міндеттерін дұрыс атқармағандықтан ауруға шалдығамыз.

Кальцийдің жетіспеуі салдарынан мешел, остеопороз, қан қысымының көтерілуі, ұйқысыздық және тағы басқа аурулар пайда болады.

Сондықтан егер ағзада кальцийдің деңгейі төмендейтін болса оны күнделікті тағамдармен толықтырып отыру қажет. Күнделікті кальцийдің мөлшері жоғарыдағы кестелерде көрсетілген. Кальцийге бай тағамдардың қатарына сүт өнімдері ірімшік сүзбе құрт, шұбат, қатық, көкөністер, балдырлар балық өнімдері жатады. Сондықтан күнделікті дастарханымызда осы тағамдар болуы керек. Адам ағзасы 35 жастан асқаннан кейін жетіспеген кальцийді сүйектен алады. Сүйек кеуектен бастаған кезде 30 % кальций қорын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан бас ауыруына, ұйқысыздыққа, іш қатып қалуына, аяқтың қақсауына әкеп соғады. 50-жастан асқан адамдарды сүйегінің жұқаруы байқалады. Сүйек адам денесінің

тіреуіші. Мұндайда адам остеопороз ауруына шалдығады. Медицинада бұл ауру тек дәрі-дәрмекпен емделеді, бірақ бұның басқа ағзаларға зиянды жақтары да бар. Мысалы көп қоспалармен жасалған теңіз маржандары, кальций цитраты, кальций карбонаты-ағзаға сіңбейді, сондықтан адам ағзасы оны сыртқа шығаруға тырысады. Соның нәтижесінде жұмсақ тіндерде, бүйректе тастар пайда болады. Егер кальций мөлшерден асып кетсе – жүрек жұмысы нашарлап, жүйке жүйесі өзінің серпімділігінен айырылады. Қан аурулары пайда болып, адам ағзасы зиянды бактериялармен, вирустар, паразиттердің жиналатын орнына айналады.

Сондықтан әрбір адам өз ағзасындағы кальцийдің деңгейін қалыпты мөлшерде ұстауы қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі «Сөздік словарь» Алматы 2009

2 Әлімқұлова Р, Сәтімбеков Р, Соловьева А Биология (оқу құралы) Алматы 2012

3 Денсаулық ғылыми – көпшілік журнал Алматы 2017 ж.

4 Габдулина Г.Х , Токарев А.Г, Борзова С.В Остеопороз Алматы 2015 ж.

5 Усманова М.Б , Сақариянова Қ.Н Химия (оқу құралы) Алматы 2009 ж.

6 Жүз жасаңыз республикалық басылым № 20 2014 ж

7 Кулиев Т.С Проза ру газеті.

8 «Жәрдем» республикалық қоғамдық- медициналық газет. 2012ж.

## СҮЛІКТІҢ СИҚЫРЫ

ЖЕҢІСОВА А., ҚАБДОЛЛАЕВА Ш.  
6 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
КУРМАНБАЕВА Ж. К., КАЖЫБАЕВА Ж. О.  
география және тарих пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Сүлік салу ғылымда «гирудотерапия» деп аталады. Тері бетіне жабысып алып, қан соратын бұл жәндікті көргенде, денені түршігеді. Алайда медицина саласындағы сүліктің дәл осы қасиетінің пайдасын санамалай бастасаңыз, оның пайдалылығына еріксіз сүйсінесіз. Латын тілінен аударғанда «gerudis» сөзі сүлік дегенді білдіреді. Гирудотерапия қазіргі таңда кардиологияда, офтальмологияда, дерматологияда, хирургияда, гинекологияда, урологияда, неврологияда, герентологияда кеңінен қолданылып, күретамыр және қан тамыр ауруларына, тері ауруларына, өкпе, бас сақинасы, инфаркт, инсульт, глаукома секілді ауруларға таптырмас емге айналды. Тіпті соңғы кездері адамдар сүліктің көмегімен арықтап, адам жасын жасартатын «сиқырлы емші» ретінде де пайдалануда. Сүлікті қажет деген жерге тек арнайы маман ғана салады. Гирудотерапия (латынша hirudo – сүлік, therapeia – емдеу, терапия) – сүліктің көмегімен адамды емдеудің медицинадағы көптеген мың жылдықтар бойына аса танымал емдеу тәсілі. Ол медицинаның ең ежелгі әдісі де. Қазіргі заманғы медицинада да сүлікпен емдеу кеңінен қолданылады. Сүлік – бұл денсаулықтың, сұлулық пен жастықтың биофабрикасы.

Медициналық сүлікті ең алғаш қолданылғаны туралы мәліметтер б.ғ.д. 200 жылы болған. Ежелгі заманнан бері бірнеше ғасырлар бойы гирудотерапияға деген қызығушылық бірде дамып, бірде бәсеңдей түсті. Өз уақытысында сүлік көптеген ауруларды емдеудің ең тиімді тәсілі болып саналған. Бірақ фармацевтикалық индустрия дами келе, медициналық сүлікті қолдану бірден қысқартыла түсті. Ұзақ уақыт қолданылған химиялық-фармацевтикалық дәрі-дәрмектер көптеген науқастың аллергиялық ауруларға шалдығуына әкеп соқты. Осының салдарынан медициналық сүлікті қайта қолдануға тура келді.

Медициналық сүлікке қазіргі кездегі дәрігерлердің қандай көзқараспен қарайтынын білгіміз келсе:

– біріншіден, ең төменгі қарсы көрсеткіш (гемофилия, анемия, жүктілік);

– екіншіден, гирудотерапия кезінде кері әсердің болмауынан кемінде 0,01 % аллергия пайда болады;

– үшіншіден, сүлік гирудотерапия сеансы кезінде адам организміне жалпылай әсерін тигізеді:

– аурудың терісінен тістеген кезде жүйкесіне әсер етеді. Биологиялық тұрғыдан алғанда сүлік «тірі ине» ретінде қолданылады. Жәй инемен салыстырғанда, адам денесіндегі ауру нүктелерін өзі табу қасиеті бар;

– биоэнергетикалық;

– гуморалдық;

Биологиялық белсенді заттың болуы арқасында медициналық сүлік коагуляцияға қарсы, қан ұюына, жансыздандыру, қабынуға қарсы, ишемияға қарсы, иммунитет көтеруші, ісікті басу және бактерицидті әсері бар.

Сүліктер нерв ұлпасын трофикасын жақсартатыны анықталды. Оқымыстылар бұрын ойлағандай нерв клеткасы азырақ консервативті екен: оның регенирацияға қабілетсіз деген белгілі тұжырымдарға қарамастан, ол қайта қалпына келеді екен және өсе алады, сүліктің экстракты арқылы жүзеге асады.

Кішкентай емдеушілер қаншалықты болғанымен, өкінішке орай қолдануға қарсы көрсеткіш бар:

– гемофилия;

– ауыр анемия;

– жүктілік;

– антикоагулянттармен емдеу.

Жай уақытта аққан қан тез ұйып қалатын болса, ал сүлік сілекейі қанды ұйытпай ұстап тұратын гирудин бүгінгі таңда, жүрек, склероз, бұлшық еттері жансызданғанда, миға қан құйылғанда емдік мақсатта пайдаланып, адамның қанын сорғызады.

Шығыс медицинасы және халық медициналарының арасында инемен емдеу тәсілі, жылы балшықпен, ара балымен, араны шақтыру арқылы емдеу, шөппен қыздыру арқылы емдеу тәсілдері секілді енді сүлікте науқас денсаулығына тікелей ықпал тигізе алатынын дәлелдеді. Инемен емдеу сияқты сүлікте биологиялық белсенді нүктелердің терісіне қадалады. Сүлік 60-тан аса түрлі науқасқа емдік қасиеті бар. Сүлікті адам денесіне жабыстыру арқылы және 3 түрлі тәсілмен емдейді.

1 Шағу арқылы (нерв жүйесіне пайдасы бар)

2 Бойындағы сікелей арқылы (сікелейді қан тамырына жіберіп, қанды сұйылатын қызметі бар)

3 Адамның бойындағы ұйыған қанды бойына алады.

Сонымен қатар қан құрамындағы қабынуға қарсы қасиеттері бар шлактар мен токсиндерден тазартады және жүрек аруына, қан қысымы, бронхиалық астма, созылмалы гепатит, тамыр (варикоз) ауруы, мұрын, құлақ, бел, омыртқа, гинекология, урология, аллергия, геморрой және т.б ауруларға мыңнан бір пайдасы көп. Сүліктің 400-ге жуық түрі бар. Сонының ішінде:

- 1 Емдік дәрігерлік сүлік.
- 2 Дәріханалық сүлік.
- 3 Шығыс сүлігі.
- 4 Ресейлік конская сүлік.

Медициналық сүлік тұщы суда тіршілік етеді. Ұзындығы 8–12 см болады. Сүліктің емдік әсері оның сілекей бездерінен бөлінетін секретке байланысты. Секрет сүлік теріні тістегеннен бастап қан сорудың барлық кезеңінде адам организміне түсуін жалғастырады. Секретте биологиялық белсенді заттар гиалуронидаза, гирудин, бделлиндер, эглиндер, дестабилазалық кешен (табиғи липосома) және с.с. бар. Сүліктің сілекейі бұдан бөлек бактерияға қарсы әсерге ие [63].

Бүгінде гирудотерапия тәсілінің біреулерге ескірген, ал біреулерге – экзотикалық болып көрінуі мүмкін. Сондай-ақ көбіміздің дәрі-дәрмекке аса үйір болатынымыз да жасырын емес. Бірақ кез-келген химиялық дәрінің жағымсыз тұстарының да жеткілікті екенін ескерген жөн. Ал медициналық сүлік бұл тұрғыда мұндай кері ықпалдан ада, әрі табиғи. Ем қолданар алдында оны пайдаланудың бірнеше қарсылықтары ескерілсе болғаны..

Сүлік өте кінәмшіл, кірпияз. Сондықтан оның жыландай суық денесінен шошымай, мейлінше еркіне жіберіп, емделуші адам қимылсыз жатуы керек. Қадалатын тұсты, яғни дененің ауыратын жерін сүлік өзі-ақ іздеп табады.

Сүлік қадалған жеріндегі нашар қанды немесе қан аралас керексіз сұйық затты (сары су не ірің) сорып тойғаннан кейін 3 минут пен 30 минуттың аралығында өзі түседі. Сүлікті уақытынан бұрын тартып алып тастауға болмайды. Себебі тістері қалып қоюы мүмкін.

Сүлікті адамның кез-келген дене бөлігіне сала беруге болады. Сүлікті басауруына, тіс, қан қысымы көтерілгенде, денеде ісік пайда болғанда, зат алмасу бұзылғанда, сары сужиналғанда қорықпай-ақ пайдалана беруге болады. Қалай болған күнде де адамға оның ешқандай зияны жоқ.

*Бар қасиет сүліктің сілекейінде.* Сондықтан белгілі бір сырқат түрі асқынған болса, ауру адамның 8–10 процедура қабылдағаны дұрыс.

Әдетте мұндай жағдайда ауыратын дене мүшесіне 2–3 немесе 10 сүлікке дейін салады.

Егер сырқат асқынып кеткен жағдайда (тромбофлебит, гипертониялық дағдарыс және де басқа да ауыр кезеңдерде) процедураларды, яғни сүлік салуды жиі жүргізген жөн. Қан соратын сүліктің жұтқыншағына арнаулы бездерден «**гирудин**» деп аталатын ерекше зат бөлініп шығады [8].

Сүлікті сулы ыдысқа салып қояды. Сырқатты емдеу үшін аш сүліктер қолданылатындықтан, олар 2–3 ай суда қалқып жүруі тиіс. 3–5 литрлік банкіде 300-ге дейін сүлік ұстайды. Сүлік сақталған судың құрамында хлордың болмауы керек. Және де оның жылылығы бөлме жылылығындай болады. Ыдыстағы суды 24 сағат сайын ауыстырып отырады. Ыдыстың бетін темір тормен немесе дәкемен жауып қояды. Мамандардың айтуынша, сүлікті тұндырып қайнатылған температурасы 18 градус су құйылған таза ыдыста-банкіде сақтап, сүліктердің ауырып қалмауын және бөлмеде тыныштық болуын қадағалап отырады. Бөлмеде қатты шу болса, сүліктер бұралып қалады, аш болса да қан сора алмайды. Сүлікті сақтап қою үшін сиымдылығы 50–100 мл. ыдыс қажет. Банкіден қысқышпен емес, қолмен 8–12 сүлікті таңдап алып, адам денесіне салады. Үлкен сүліктер артық арам қанды жақсы сорады. Емдеуге сау сүліктер қолданылады. Дені сау сүлікті түрткілесе қозғалып, жылан сияқты қимылдап, қысқарып, жуандайды.

Тұщы суға салынған сүлікті ұстап, денеге салар алдында пинцеттің көмегімен оны пробирка ішіне енгізу қажет. Пробиркаға құйрық жағымен енгізгенде сүлік бас жағымен өзі шығуына жеңіл болады. Салатын жерге жақындатып әкелген пробирканың түбін көтерсе болды, сүлік глюкозамен сүртілген тәтті денеге өзі ұмтылып, теріні тістеп, жабыса бастайды.

Бір қолданылған сүлікті екінші рет пайдаланбайды. Оны формалинге, мүсәтір спиртіне немесе тұзды суға салып, су құбырымен ағызып жібереді.

Сүлік салу аяқталғанда дені сау сүлік 40–60 минут ішінде науқастың артық арам қанын сорып, ісінеді. Қанға тойған сүлік өз бетінше түспесе немесе алып тастау қажет болса, сүлік жабысып тұрған жерге тұзды, ащы су құяды. Сонда ол сылқ етіп түсіп қалады. Денеге жабысқан сүлік тістеген жер 6 сағаттан 24 сағатқа

дейін қансырап тұрады да, осы уақыт ішінде қан тоқтамаса, қанды перманганат калий ерітіндісімен тоқтатады. Әйтпесе, басып, қысып тұратын шүберек салады, қатты орап қояды. Сүлік тістеген теріні H<sub>2</sub>O<sub>2</sub> ерітіндісімен сүліктің қан соруы бәсеңсесе, үстіне жылы су жағады, сол кезде оның қимылы қайтадан күшейеді.

Сүлік сорған жерге таза стерильденген сулық (салфетка) салады, оның үстіне мақтаны көп салып, орап тастайды немесе йод ерітіндісімен сүртеді. Бұл жер 2-3 күннің ішінде жазылып кетеді.

Теріге сүлікті дұрыс салмаса, басқа қосымша аурудың пайда болуына жолашады. Яғни, мұндай жағдайда тері қабынады, іріндейді, сол жерде ісік пайда болады.

Сүлік салған жерден қан кету тоқтасымен 3 % сутегі тотығы ерітіндісі не малынған залалсыздандырылған дәкемен 2-3 күнге байлап қояды.

Ресейде бір сүліктің емі 5-10 доллар тұрса, ол Еуропада – 10–15 доллар, Америкада 20 долларға дейін, Қазақстанда не бәрі 2–3 доллар ғана. Қазір республикамызда сүлік салу мен айналысатын медициналық орталықтар бар. Олардың қатары жылдан-жылға көбейе түсуде. Солардың бірі 1998 жылдан бері жұмыс істейтін Қазақстандағы бірінші медицина сүлігі мен емдеу орталығы. Бұл орталыққа жылына 1000-ға жуық адам келеді екен. Жалпы, біздің елімізде сүліктің 400 түрі белгілі болса, соның бір ғана түрі медициналық сүлік ретінде пайдаланылады.

Гирудотерапияның тиімділігі- сүлік адамның артық арам қанын сорып алады, сөйтіп, қан айналысын жақсартады, сүліктің сілекейі биологиялық белсенді заттарға бай, осы түрлі ферменттерден тұратын сүлік сілекейі адамның қанын тазартып, иммунитетін күшейтіп, ағзасын жасартады, түрлі ферменттермен бірге қанның ұюына тосқауыл қоятын гирудин және 100-ге жуық биологиялық пайдалы заттар сүлік сілекейінің басты айырмашылығы.


Дәрігерлер сүлікті науқас адамның жүрек қызметі нашарлап, бауыры ұлғайғанда, тромбофлебитте, миокарда, инфарктінде, жүректің демікпелі ұстама ауруында (стенокардия), миқан тамырларының қысылуында қолданады. Сүлік салып, емдегеннен кейін сырқаттың дене қызуы қалпына келеді, қан қысымы, қандағы қант мөлшері төмендейді, ұсақ қан қатпарлары жойылып, ісікке қарсы, ауырсыздандыру тетіктері іске қосылады. Гирудотерапияны гинекологиялық ауруларға қолданғанда әйелдер ауруынан айығады, оларда гормондық зат алмасу процестері жылдам қалпына келеді, сүлік салу бедеулік, эндометрит, эндометриоз тәрізді жатыр мен

созылмалы аурулар-дың алдын алады, кейбір жағдайларда сүлік салу бұл ауруларға негізгі ем ретінде пайдаланылады. Әсіресе, сүлік салу операциядан кейін тез жазылуға әсер етеді. Осыған орай қазір дәрігерлер операциядан соң сүлік салуға кеңес береді

Оқушылар қауымының қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі сүліктің сырқаттарға өте шипалы екендігін және пайдалы жағын анықтады. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.

1-кестеде респонденттердің «Сүліктің емдік қасиеті бар екенін білесіз бе?» – деген сауалға берген бағасы көрсетілген.


Сүліктің емдік қасиеті бар екенін білесіз бе?



Сурет 1

